«Бекітемін»
«Ер - Наз 2013» балабақшасының
Меңгерушісі
Мурзамуратова К.И.

«Жұлдыз» мектепалды тобының 2025-2026 оқу жылына
арналған тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

2025-2026 оқу жылы

Тәрбиелеу мен білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы:ЖШС «Ер-Наз 2013» балабақшасы
Топ/сынып: «Жұлдыз» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 02.09-05.09.25 ж

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 01.09.2025**	**Сейсенбі 02.09.2025**	**Сәрсенбі 03.09.2025**	**Бейсенбі 04.09.2025**	**Жұма 05.09.2025**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді пысықтау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **(тіл дамыту).** Топта жаңа ойыншықтар жәрмеңкесі ашылғанын хабарлап бұрын көрмеген ойыншықтармен еркін ойнауына жағдай жасап көңіл күйін көтеру. «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балабақша - жайлы мекен» тақырыбында ақпарат беру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (бестемше, шашка). **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»** Өнер орталығында өз бетінше сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) **Балалармен жеке жұмыс.** **Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауы**				
		«Адалдық әліппесі». «Балабақшадағы қауіпсіз мінез-құлық ережелері» балабақшаның суреттеріне қарап әңгімелеу. Топ ережелерін құру **(танымдық, зерттеу іс-әрекеті)**	**«Адал азамат».** «Жас тыңдарман» жобалары аясындаға балалар кітапханасы. Топтағы кітап орталығында балалардың еркін әрекеті. «Ашық хатты» сәндеп суреттер салу. **(бейнелеу іс-әрекеті)**	Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішіндерден анасының алжапқышына өрнектерді салу.	Ойын немесе спорт залды құрылыс материалдардан құрастыру. **(Танымдық, іс-әрекеті)**

				(Бейнелеу іс-әрекеті) Анамның алжапқышына геометриялық элементтерден өрнек құрастыру. **(Шығармашылық іс-әрекеті)**	
Ертеңгі жаттығу	Картотека № 1 Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Өз орнына отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. Аумин десең маған, Алтыннан-жағаң, Күмістен тағаң Оң жағыңнан кетпесін, Тілеуің қабыл, Мұратың асыл болсын, Аумин **(тіл дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету. **Тіл дамыту**	Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға үйрету **Көркем әдебиет**	Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. **Математика негіздері**	Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс,толық жауап беруге баулу. **Тіл дамыту**	Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (шар) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуді дамыту.

					Математика негіздері
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер		**1.Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Білімің бұлағың» **Мақсаты -** Балаларды мектепке деген қызығушылығын арттыру. Міндеттері: Балаларды сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру **Білімің – бұлағың»** Қанатым талмайды, Қиялым самғайды. Ақын да, ғалым да, Ұстазсыз болмайды. Мереке күніңмен, Құттықтап бүгін мен, Ойыма ой қосам, Сен берген біліммен. **Д/ойын: «Ғажайып қоржын».** **Ойынның шарты**: Ғажайып қоржынның ішінде бірнеше заттар, ойыншықтар, оқу құралдары бар. Сол заттардың ішінен ойыншықтарды бір бөлек, оқу құралдарын бір бөлек жинау керек және аттарын атайды.	**1. Тіл дамыту** **Тақырыбы:** **«Менің балабақшам»** Мақсаты: Суреттер бойынша балалармен балабақша туралы әңгімелесу. Міндеттері: Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту.)** **2.Дене тәрбиесі** маман жоспары бойынша **3.Қазақ тілі** **Тақырыбы:** «Білімің – бұлағың». **Мақсаты:** Балаларды білім тұралы әңгімені жалғастырып айтуға	**1. Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы: "дыбыс" терминдері** **Мақсаты:** дыбыс туралы бастапқы түсініктерін жетілдіру. Қолын жазуға дайындау. **(сауат ашу негіздері)** «Сюжеттік-рөлдік» ойын «Анаммен ас үйде» **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)** Қимылды ойын «Хан талапай» Мақсаты: балалардың ойынға деген қызығушылықтарын арттырып, шапшаңдыққа баулу. **2. Математика негіздері** **Тақырыбы:** «Біреу – көп». **Мақсаты:** «біреу» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу.	**1.Музыка** маман жоспары бойынша **2.Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** **«Үлкенге құрмет, кішіге ізет».** **Мақсаты:** Ересектермен және құрдастарымен өзара әрекетте мәдени мінез-құлық дағдыларын меңгерту. Міндеттері: Балаларға сыйластық негіздері жайында түсіндіру. Рөлдерге еніп қарым қатынастарды сахналау. **көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)** **3. Сауат ашу негіздері** «Сөз" және "дыбыс" Мақсаты: терминдері туралы

		Балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып бөлек жинайды және аттарын атайды. **2.Музыка** маман жоспары бойынша **3.Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы**: «Дыбыс» **Мақсаты**: Дыбыс туралы түсінік беру. Міндеттері: Сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. **«Жаңбыр» саусақ ойыны:** Жаңбыр жауса, Тырс-тырс, Айтады гүл: – Дұрыс-дұрыс. Жаңбыр жауса, Тырс-тырс. Айтады қыр: – Ырыс-ырыс **4.Қоршаған әлеммен таныстыру** «Күзде» **Мақсаты:** табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауға, айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету.	үйрету. Міндеттері: қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. **Дидактикалық ойын: «Кімнің құралы?»** **Мақсаты**: Балалардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру. Құралдар: балабақша қызметкерлерінің жұмысына арналған құралдар. Шарты: Балалардың алдында кескінді ұсақ суреттер жатады. Тапсырма: Тәрбиеші балабақша қызметкерлерінің суреттерін көрсете отыра балалардан олардың жұмыстарына керекті құралын тауып беруін талап етеді. **4.Математика негіздері** **Тақырыбы:** «Біреу – көп». **Мақсаты:** «біреу» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару	Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту\ Сендер ойыншықтар дүкеніне барғанды жақсы көресіңдер ме? -Қандай ойыншықтарды ұнатасыңдар? -Үйде қандай ойыншықтарың бар? Балалар ойыншықтар туралы сұрақтарға жауап береді Одан кейін қарындаштармен (таяқшалармен, текшелермен және басқа да заттармен) практикалық жұмыс жүргізу Әрбір үстелге көп қарындаштардан (таяқшалар және басқалары) қояды. Үстелдің үстінде қанша қарындаш бар? (Көп). **3.Дене тәрбиесі** маман жоспары бойынша **4.Қоршаған әлеммен таныстыру**	бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Міндеттері: Сөз құра дидактикалық ойыны. қолды жазуға дайындау: жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. **Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт»** **Ойын шарты:** доппен орындалады. Балалар бір-біріне доп лақтырып, «А» дыбысынан басталатын сөздерді айтады. Педагог балаларға саусақ бұлшық еттерін дамыту жаттығуын жасатады. Бас бармағым бастап берді, Саусақтарым ән сап берді, Шылдыр шүмек шылдырлады, Кіші бөбек былдырлады. **4. Сурет салу**

		Міндеттері: Күз ерекшеліктері туралы фильм көру. Жапырақты зерттеу.	дағдыларын дамыту. Сендер ойыншықтар дүкеніне барғанды жақсы көресіңдер ме? -Қандай ойыншықтарды ұнатасыңдар? -Үйде қандай ойыншықтарың бар? Балалар ойыншықтар туралы сұрақтарға жауап береді. Одан кейін қарындаштармен (таяқшалармен, текшелермен және басқа да заттармен) практикалық жұмыс жүргізу. Әрбір үстелге көп қарындаштардан (таяқшалар және басқалары) қояды.	**Тақырыбы:** «Балабақшадағы қауіпсіз мінез-құлық ережелері» Мақсаты: ережелерді таныстыру, сақтау керектігін түсіндіру Міндеттері:Балаларға ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын түсіну маңыздылығын үйрету. **(тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)**. **«Менің достарым» деп аталатын дидактикалық ойын ойнауға шақырады:** Педагог орындай алатын іс-әрекеттерін айтып береді. Балалар қолдарына белгілі бір заттардың суреті салынған карточкаларды алады. Содан соң педагог атаған адам немесе басқа да бір заттың атын атап, оның не істей алатынын атап айтады.	**Тақырыбы:** «Күзгі орман» (Акварель бояу) **Мақсаты:-** күзгі орманның мазмұнын көре білуді үйрету. Міндеттері: Бояу мен сурет салуды жетілдіру, Топтық жұмыс: Күз Ой, балалар, балалар, Қоңырқай күз болыпты. Құрап жапырақ солыпты, Ел егінін орыпты.

Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотормканы дамыту)**.				
Серуен		**Картотека № 1**	**Картотека № 2**	**Картотека № 3**	**Картотека № 4**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (**мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. **(тіл дамыту)**				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотормканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін музыка тыңдау. **«Күй күмбірі»** - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотормканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).				

Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)		**«Адалдық әліппесі». Ұлттық ойын «Бестемше».** **Мақсаты:** Балаларды қырағылыққа баулып, ойлау қабілеттерін дамыту. **«**Мейірімді бала» Үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. **(Танымдық іс-әрекет)**	**«Адал азамат».** Ата аналарына арнап арнап ашық хат жасау **(Шығармашылық іс-әрекет)** Түрлі (жаяу жүргіншіге, көліктерге)жолдарды құрастырмалы материалдардан салу, бір біріне әңгімелеу **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**	Отбасы туралы пазлдарды жинау, логикалық ойын тапсырмаларын робототехника арқылы орындау **(Танымдық іс әрекет)** Табиғи материалдардан үйді сәндеуге арналған заттар жасау. **(Танымдық, шығармашылық іс-әрекеті)**	Спорттық заттарға қарап суретін салу **(Бейнелеу іс-әрекеті)** Тұзды қамырдан спорт құралдарын жасау **(Шығармашылық іс-әрекеті)** Геометриялық пішіндерден ойын және спорт құралдарын жапсыру. **(Шығармашылық іс-әрекеті)**
Балалармен жеке жұмыс		Аялаға дыбыстарды анық айта білуге үйрету. Дұрыс сөйлеу қарқынына үйрету	Ибраһимге жасалған әрекеттердің көмегімен түрлі мәселелерді шешудің әдістерін таба алуды үйрету;	Айланаға табиғаттағы маусымдық өзгерістердің қарапайым байланыстарын орната алуға үйрету;	Нұрисламға түрлі-түсті бөлшектер мен пішіндерден қарапайым құрылыс жасауды үйрету
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).				
Серуен		**Картотека № 1**	**Картотека № 2**	**Картотека № 3**	**Картотека № 4**

Балалардың үйге қайтуы	**«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру**				
		Отбасылық фото суреттерді немесе отбасылық газет жасап беріп жіберуін сұрау	Алған әсерлерімен бөлісу.	Отбасылық мерекелер мен ойындар туралы кеңес беру.	Апта бойы жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру

Тәрбиелеу мен білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ЖШС «Ер-Наз 2013» балабақшасы
Топ/сынып: «Жұлдыз» мектепалды тобы
Балалардың жасы:5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 08.09-12.09.25 ж.

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 08.09.2025**	**Сейсенбі 09.09.2025**	**Сәрсенбі 10.09.2025**	**Бейсенбі 11.09.2025**	**Жұма 12.09.2025**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баладан өз отбасы жайлы айтып беруге тарту **(тіл дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы әңгімелесу. «Балалар кітапханасы» жобасының жоспарымен таныстыру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, интеллектум құралдары, шашка ойындары) Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) **Балалармен жеке жұмыс.**				
	«Адал азамат». Кітаптардан балалардың сұранысы бойынша ертегі, тақпақтар, әңгімелер оқып беру. Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, балалардың мазмұндауын үйрету. **(Қазақ тілі)**	Қазақстан аумағында мекендейтін жануарлар мен олардың төлдеріне тән белгілерді атай алу және ажырату дағдыларын кітаптардан қарау арқылы үйрету. **(танымдық іс-әрекет)**	«Менің сүйікті кітабым». Балалармен отбасында оқыған кітаптарын талқылау. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге, монологтық ойларын байланыстырып құра білуге үйрету. **(Қазақ тілі)** Балалардың өздеріне кітап оқуға мүмкіндік беру. Кітап суреттеріне қарап, өздері оқып жатқан	**«**Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы	Балалардың қалауы бойынша кітапты сәндеу, ермексаз немесе тұзды қамырдан мүсіндеу және түрлі түсті қағаздарды қиып өрнектеп сіндеу жұмыстарын үйрету. **(Бейнелеу іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)**

			кейіп танытып, эмоционалды-бейнелік мазмұнын бере білуді үйрету. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**	эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру **(музыка)** Шығармашылықпен айналысу барысында күй тыңдау. Кейіпкерлерге қарап суреттерін салу, мүсіндерін жасау, оларға естелік ашық хат дайындау. **(Бейнелеу іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)**	
Ертеңгі жаттығу	Картотека № 1 Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. **(тіл дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Адамгершілік және патриоттық тәрбие. бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой	Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау.	Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығы), ойын, еңбек, эксперимент	Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көкөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман).	Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтауды, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім

	елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. (Тіл дамыту)	(Қоршаған әлеммен таныстыру)	барысында құм, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтауды үйрету. (Қоршаған әлеммен таныстыру)	(Қазақ тілі)	жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу. (Қоршаған әлеммен таныстыру)
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**1.Тіл дамыту** **Тақырыбы.** «Кел, танысайық!». **Мақсаты:** Қарым-қатынастағы түрлі жағдаяаттарда әдептілік сөздерін қолдана білу, Міндеттері:берілген тақырып аясында диалогқа қатысу. «П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді: Па-па-па – парта. Жа-па-лақ – жал-пақ. Па-рақ – жа-пы-рақ. **2.Дене тәрбиесі** Маман жоспары бойынша **3.Қазақ тілі** **Тақырыбы**: «Менің балабақшам» **Мақсаты:**- Балаларды өз балабақша туралы	**1. Көркем әдебиет** **Тақырыбы.** «Күз жомарт» **Мақсаты:**- - Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту МіндеттеріСюжеттік бірізділікті сақтай отырып, көңіл-күймен, қисынды мазмұндауға үйрету. **Дидактиалық/ойын** : «Себетке көкөністерді сызып қос» **Мақсаты:** Балалардың зейінін арттырып, көкөністерді ажырата білуге үйрету. **Жұмбақ :** Жазда тұрып жоғары Күзде жерге қонады. Жапырақтар **2.Музыка** Маман жоспары	**1.Тіл дамыту** **Тақырыбы** «Күзгі еңбек» **Мақсаты:** еңбек туралы әңгімелесу. Міндеттері: Дикандардың еңбектерімен таныстыру. Еңбек құралдарын көрсету. Дидактикалық ойын «кімнің еңбек құралы» суреттердегі мамандық иелеріне құралдарын сәйкестендіру. Дыбыстардың нақты артикуляциясын, интонациялық мәнерлігін қалыптастыру. **2.Қазақ тілі** **Тақырыбы:** «Балабақша бөлмелері» **Мақсаты:** Балабақша бөлмелерінің атын дұрыс айтуға үйрету.	**1.Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы.** «Сөз» **Мақсаты:** Баланың сөз туралы түсініктерін қалыптастыр Міндеттері: Кез келген сөзді атау. Оның мағынасын түсіндіру. Менің есімімнің мағынасы қандай? Балаларға сұрақ қою арқылы өз есімдерінің мағынасын түсіндіру. Қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. **Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт»** **Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. **2.Математика**	**1.Музыка** маман жоспары бойынша **2. Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Еңбекпен тапқан тиын». (грузин ертегісі). **Мақсаты:**ертегі мазмұнын түсіндіру. Міндеттері:оқып беру.Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, көңіл-күймен, қисынды мазмұндауға үйрету; **Дидактиалық/ойын** : «Неден жасалған?» **Мақсаты:** Балалардың затардың неден жасалғаны туралы ойларын кеңейту. **3.Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы.** «Сөз. Сөздің мағынасы» **Мақсаты:**-Сөздердің

	әңгімелей білуге үйрету. Міндеттері:балабақша дағы достарымен қарым -қатынас орнатуға баулу. **Дидактикалық ойын: «Танысу».** Балалар аттарын айтып, қуыршақпен танысады. – Сенің атың кім? – Менің атым – Рома. – Менің атым – Вика. – Менің атым – Шахмардан **4.Математика негіздері** **Тақырыбы:** «Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау» **Мақсаты:-** Балаларға оң және сол қолын ажыратуға баулу. Міндеттері:заттардың орналасқан бағытын (жоғарыда, төменде, алдында, артында, сол жақта, оң жақта) анықтауға үйрету.	бойынша **3.Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы.** «Дыбыс пен сөз » **Мақсаты:**дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру Міндеттері:Дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. Тіл ұстартуға арналған жаттығу. **4. Қоршаған әлем** **Тақырыбы:** «Балабақша мамандары» **Мақсаты:-** Балалардың балабақша қызметкерлері туралы түсінік беру Міндеттері:олардың жұмысының маңыздылығы туралы білімдерін кеңейту. **«Қайсысы артық?» дидактикалық ойыны.** **Мақсаты:** Балалардың зейіндерін арттырып, тиянақты болуға шақыру.	Міндеттері:Сурет бойынша сөйлем құрап әңгіме айтуға баулу. **Сөздік ойын: «Жалғасын тап».** Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды. **3.Дене тәрбиесі маман жоспары бойынша** **4.Математика негіздері** **Тақырыбы**: «Біреу – көп.» **Мақсаты:** - Балаларға заттар жиынынан бір затты бөле білуге үйрету. .Міндеттері:Бір-бірден берілген заттарды топтастыра білуге үйрету. Сандарды жаттау, санауды дамыту. **Тұрақты сөз тіркестерінен**	**негіздері** Тақырыбы: «Біреу – көп.» **Мақсаты:**-- дара заттарды бөлуді үйрету; бір заттан тұратынжиын туралы ұғым қалыптастыру; Мідеттері:«біреу» және «бірнеше»(«көп») терминдерін енгізу «Қоян» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын шошайтады. «Қоян» құлақтарын созып тұр. «Сақина» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін бас бармағы мен сұқ саусағын түзетіп, бір-бірімен түйістіреді. **3. Дене тәрбиесі** маман жоспары бойынша **4.Қоршаған әлем** **Тақырыбы: Табиғат қорғаушылары.**	ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп, айыра білуге үйрету Міндеттері:дауысты дыбыстарды дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету. **«Кім көп біледі?» ойынын ойнату**. **Суретті тіл ұстарту:** **Ша – ша – ша** Айшаның шанасы **тама (ша)** **Са – са – са** Қасқыр соқты **Мұ (са)** **Ол – ол – ол** Ағашта лимон **м(ол)** **Ра – ра – ра** Дүкеннен нан алды **Са (ра)** **Із – із – із** Тамаққа қосты **сәб(із)** **Жу – жу – жу** Ыдысты тазалап **(жу)** 4**. Мүсіндеу** **Тақырыбы:** «Себет» **Мақсаты:** себеттің қажеттілігі туралы түсінік беру, Міндеттері:ермексазды бірнеше бөлікке бөліп, есу тәсілі арқылы

			құралған санамақ Бір ауыз сөз, Екі айтпайтын адам. Үш қайтара сәлем, Төрт түлік мал, Бес уақ намаз, Алты алаш, Жеті қабат жер асты, Сегіз қырлы жігіт, Тоғыз торау жол, Он сақа ой.	**Мақсаты**: Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу Міндеттері: Табиғат бұрышын мекендеушілер туралы білімдерін жетілдіру. Тәрбиеші көмекшісінің еңбегіміен танысу, оған көмек көрсетіп, еңбек етуді ұйымдастыру. «Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата»	заттықұрастырып мүсіндеуге үйрету. ермексаз кесектерін үзу, жаншу, созу тәсілдерін қолдана отырып себетті мүсіндей алу білімдерін бекіту; *дамытушылық:*ұсақ қол моторикасын дамыту; **Күз** Ой, балалар, балалар, Қоңырқай күз болыпты. Құрап жапырақ солыпты, Ел егінін орыпты
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, серуенге алып шығатын кітаптар мен заттарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	**Картотека № 5**	**Картотека № 6**	**Картотека № 7**	**Картотека № 8**	**Картотека № 9**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (**мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** Ереже айту. **(сөйлеуді дамыту)**				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды				

	үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін оқып беру **(көркем әрекет)**				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**). Табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Қағазды ортасынан бүктеу арқылы өз кітапшасын жасау. **(Танымдық іс-әрекеті)** Жасап жатқан кітаптарын сәндеу **(Бейнелеу іс-әрекеті)** Кітаптың мүсінін ермексаздан жасау **(Шығармашылық іс-әрекеті)** Жасап жатқан кітаптарына өрнектер, сәндік пішіндер жапсыру **(Шығармашылық іс-әрекеті)**	Балаларға әр түрлі суреттер ұсынып бір-бірімен байланысқан сюжет бойынша ертегі кітабын құрастыруын үйрету. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** Заттың кеңістікте орналасуын үйрету. Оң, сол, алға, артқа, жоғары, төмен ұғымдарын дидкатикалық ойын карточкаларын ойнату. **(Танымдық іс-әрекеті)**	Сүйікті кітабынан бейнелер салу. **(Бейнелеу іс-әрекеті)** Сүйікті кітабына қарап заттар мүсіндеу. **(Шығармашылық іс-әрекеті)** Сүйікті кітабындағы заттарды қиып, жапсырып жасау. **(Шығармашылық іс-әрекеті)**	**«Адал азамат».** Бүгінгі келген қонақтарымыздың айырмашылықтарын атау. Олардың қайсысы үлкен кіші екенін ажырату. **(зерттеу, танымдық іс-әрекет)** Барлық ертегі кейіпкерлері сыйатын достық үйін құрастыру материалдарынан құрастыру. **«Smart bala» жобасы (Танымдық, іс-әрекеті)**	**«Адалдық әліппесі». Ұлттық ойын «Ханталапай». Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа баулу. **(Танымдық, іс-әрекеті)**
Балалармен жеке жұмыс	АйАльбинамен тәжірибесі негізінде әңгіме құрауға үйрету.	Мереймен сурет салудың техникасын жетілдіру, мүсіндеудің әр түрлі тәсілдерін пайдалануға үйрету,	Раянаға қайшыны дұрыс ұстауға, композиция құруға үйрету	Мансұрға 10-ға дейінгі сандарды қайталату. Тура кері санауды үйрету.	Айсұлтанды өзін және айналасындағы адамдарды құрметтеуге үйрету

Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	**Картотека № 5**	**Картотека № 6**	**Картотека № 7**	**Картотека № 8**	**Картотека № 9**
Балалардың үйге қайтуы	**«Өнегелі 15 минут»** - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру				
	Бүгінгі іс шара туралы ата аналардың пікірін, ұсыныстарын тыңдау.	Балалардың жасап жатқан кітаптарына көмектесуін сұрау.	Балалармен бірге кітап оқуды ұсыну	Сүйікті ертегі кейіпкерлерінің сөздерін бірге жаттау	Апталық жұмыстан не ұнағанын сұрау.

Тәрбиелеу мен білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ЖШС «Ер-Наз 2013» балабақшасы
Топ/сынып: «Жұлдыз» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 15.09-19.09.25ж

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 15.09.2025**	**Сейсенбі 16.09.2025**	**Сәрсенбі 17.09.2025**	**Бейсенбі 18.09.2025**	**Жұма 19.09.2025**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Сыйқырлы сандықты көрсетіп одан ертегілер әлемінен келген кейіпкерді алып таныстыру. Ертегі айтып беру және қуыршақ немесе үстел үсті театрын қолданып ойнауына жағдай жасау. **(тіл дамыту)** Күй күмбірі балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Отан отбасынан басталады.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын «Айырмашылығын тап», «Қай ойыншық жоқ», «Ұшақтар», «Ұқсайды-ұқсамайды» Мен ертегі кейіпкерімін сюжетті ойын. Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) **Балалармен жеке жұмыс.**				
	Пазлдарды жинау, логикалық ойын тапсырмалары бар ойындар ойнату. «Smart bala» жобасы **(Танымдық іс-әрекет)**	Ойыншықтар арасынан жануарлар мен олардың төлдерін тауып атау. Тіршіліктерін сипаттау. **(зерттеу іс-әрекеті)**	**«Адал әліппесі».** «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Ұлттық ойындар мен ойыншықтардың суретін салу. **(Бейнелеу іс-әрекеті)** Ұлттық ойындар мен ойыншықтарды тұзды қамырдан мүсіндеу **(Шығармашылық іс-**	Балалардың жасаған ойыншықтарын "үлкен – кіші", "үлкенірек – кішірек", Сөздерімен сипаттау. Ойыншықтардың салмағын өлшеміне қарай алдымен қарама-қарсы көрсеткішпен тең және тең еместігін алақанына салып	Құрастыру материалдарынан ойыншық дүкенін құрастыру. **(Танымдық, іс-әрекеті)**

			әрекеті) Ұлттық ойындар мен ойыншықтарды түрлі түсті қағаздан қиып жапсыру **(Шығармашылық іс-әрекеті)**	өлшеп анықтауға үйрету **(Танымдық іс-әрекет)**	
Ертеңгі жаттығу	Картотека № 2 Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Тіл дамыту	Әдеби шығармаларды мұқият тыңдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды,ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, уға баулу Көркем әдебиет	Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Қазақ тілі	Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді меңгерту Математика негіздері	Шығарма мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. Көркем әдебиет
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**1. Тіл дамыту** **Тақырыбы:** «Күз бояуы» **Мақсаты:** Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту,	**1 Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Шаруа мен аю» (орыс халық ертегісі) **Мақсаты:** Ертегіні мазмұндауда балалардың	**1.Тіл дамыту** **Тақырыбы:** «Күз бояуы» **Мақсаты:** - Өлең тыңдау арқылы, әңгіме	**1.Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** «Дауыссыз дыбыстар» **Мақсаты:** Дауыссыз дыбыстар туралы	**1. Музыка** маман жоспары бойынша **2. Көркем әдебиет**

	Міндеттері:күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. **Күз бояуы (жаттау)** Самал қозғап қалғанда, Үзіледі сары алма, Шолып едім ақшаны, Қауын біткен сап-сары. Көрінеді шалғайдан, Бел-белестер сарғайған. Сары жапырақ төгілген Тоғайды да көрдім мен. Таза жездей жинаған, Сары бояу айналам. **2. Дене тәрбиесі** маман жоспары бойынша **3.Қазақ тілі** **Тақырыбы:** «Менің сүйікті ойыншықтарым» **Мақсаты:** Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып мағынасын түсіндіру. Міндеттері: логикалық екпінмен үзілістермен жаттауға үйрету **Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын».** **Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайтып, қызығушылықтарын ояту.	кабілеттілігін калыптастыру**.** Міндеттері: ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыстіршілігі арқылы еңбекке баулу. **Жұмба**қ Балпаң-балпаң басады, Қыр-жотадан асады. Паналайды үңгірді, Іздемейді тасаны. (Аю) **2. Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** «Жуан,жіңішке дауысты дыбыстар» **Мақсаты:** жуан, жіңішке дауысты дыбыстармен таныстыру. Міндеттері: Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. **Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт»** **Ойын шарты:** доппен орындалады. Балалар бір-біріне доп лақтырып, «А» дыбысынан басталатын сөздерді айтады. Мақсаты: Балалардың зейінін арттырып, сөздік	құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту. Міндеттері:күздің жомарт, мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын: «Кімде не бар?»** **Ойын шарты**: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Мақсаты: Балалардың дұрыс сөйлеу дағдыларын дамытып, сөз бен сөйлемді дұрыс байланыстыра білуге дағдыландыру. **2 .Дене тәрбиесі** маман жоспары бойынша **3. Қазақ тілі** **Тақырыбы:** «Алтын күз» **Мақсаты:** Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту Міндеттері: күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесде жыл мезгілдерімен таныстыру.	түсінік беру Міндеттері:дауыссыз дыбыстары бар сөздерді атаға ажырата білуге дағдыландыру. **Д\ойын «Сөз ойла, тез ойла»** **Мақсаты:** балаларды шапшаңдыққа баулып, сөздік қорларын молайту. **2. Математика негіздері** **Тақырыбы: 7, 8, 9 сандары»** **Мақсаты**: -7,8,9 сандарын заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; Міндеттері:заттарды санау дағдысын жетілдіру Суреттерді сандармен сәйкестендіру. **3.Дене тәрбиесі** маман жоспары бойынша **4. Қоршаған әлеммен таныстыру** **Тақырыбы:** «Ауыл мен қала адамдарының	**Тақырыбы:** «Шаруа мен аю» (орыс халық ертегісі) **Мақсаты:** Ертегіні мазмұндауда балалардың кабілеттілігін калыптастыру**.** Міндеттері: ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыс тіршілігі арқылы еңбекке баулу. **3.Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** **Дыбыстық талдау.** **Мақсаты:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру,сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Міндеттері: Азық түлік өнімдерін атап, оларға дыбыстық талдау жасау.

	4 Математика негіздері **Тақырыбы:** «5, 6 сандары» **Мақсаты:** - 5,6 сандарын заттардың санымен таныстыру Міндеттері:сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау дағдысын жетілдіру .Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. **Дәптермен жұмыс** Балалар суретті қарайды. Сандарды реті бойынша сызып қосу тапсырылады.	қорын молайту. **3. Қоршаған әлеммен таныстыру** **Тақырыбы:** «Барлық мамандық қажет, барлық мамандық маңызды.» **Мақсаты:** Мамандық түрлерімен таныстыру Міндеттері: олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру, жетілдіру. **«Қандай мамандық иесі?» ойыны.** Балалар бұл сөздерді қандай мамандық иесі айтуы мүмкін екенін анықтайды. **4. Музыка** маман жоспары бойынша	Демонстрациялық материалдармен жұмыс. 4. **. Математика негіздері** **Тақырыбы:** «5, 6 сандары» **Мақсаты:** - 5,6 сандарын заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; Міндеттері:заттарды санау дағдысын жетілдіру ,кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру.	еңбегі.» **Мақсаты:** ауыл мен қаладағы адамдардың еңбегімен таныстыру. Міндеттері:қаладағы өңдеуші зауыттар туралы, ауылдағы еңбек туралы жалпы білімдерін бекіту. балалар өз бетінше толтыру. Демонстрациялық материалдарды көрсетіп, қала мен ауылдың бірнеше суреттері ішінен қаланы бейнелейтін иллюстрацияларды және ауылды бейнелейтін иллюстрацияларды көрсетіп, балалар қалада зауыттар мен фабрикалар, биік үйлер көп екеніне, ауылда адамдар ауылшаруашылық өнімдерін өсірумен айналысатыны жайлы пікірге келіп тоқтайды.	Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды. Сызбаларды (штрихтарды), салуға үйрету. **4. Жапсыру** **Тақырыбы:** Көшедегі үйлер **Мақсаты:** Көп қабатты және бір қабатты үйлерге арналған бөлшектерді ретімен жапсыра білуге үйрету. Міндеттері:балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, жапстру әдіс-тәсілдерін үйрету **Топтық жұмыс**

Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)**.				
Серуен	**Картотека № 10**	**Картотека № 11**	**Картотека № 12**	**Картотека № 13**	**Картотека № 14**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (**мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. **(сөйлеуді дамыту)**				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)** Орыс халық ертегілерін оқып беру **(көркем әрекет)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. «Күй күмбірі» - музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**.				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сүйікті ойыншығына қарап отырып бейнелеу. **(Бейнелеу іс-әрекеті)** Сүйікті ойыншығын мүсіндеу **(Шығармашылық іс-әрекеті)** Сүйікті ойыншығын қиып жапсыру **(Шығармашылық іс-әрекеті)**	Тақпақты жаттау **Менің ойыншықтарым** Бауыржан Жақып Сылдыр сылдыр сылдырмақ Шақырады сылдырлап Қарайды қуыршақ Қарайды құлыншақ **(Қазақ тілі)** Дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойын «Ақшаны жұмсауды үйренеміз»	**«Адал азамат».** «Алтын сақа» ертегісін оқып беру. Эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. Кейіпкерлерді сомдау арқылы ойындар **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**	**«Адалдық әліппесі».** «Тақия жасыру» ұлттық ойыны. Мақсаты: Балалардың танымдық әрекеттерін дамыту. **(Танымдық іс-әрекеті)**	Ойыншық дүкенін бейнелеу **(Бейнелеу іс-әрекеті)** Әр бірі ойыншық жасап, дүкен сөресіне орналастыру. Ұжымдық жұмыс **(Шығармашылық іс-әрекеті)** Ойыншық дүкенінің иесіне ашық хат дайындау. **(Шығармашылық іс-әрекеті)**
Балалармен жеке жұмыс	Асылымға секірудің әртүрлі түрлерін орындау, тепе-теңдікті сақтай отырып өзгермелі жағдайлар-дағы секірулерге үйрету	Аминаға ҚР рәміздерін білуге үйрету.	Нұрсаяға суреттер бойынша таныс шығармаларды атайды, олар бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету	Сартайға табиғат бұрышындағы өсімдіктерге күтім жасауға баулу	Альбинаге заттармен және заттарсыз жалпы дамытушы жаттығуларды орындауға үйрету
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**				
Серуен	**Картотека № 10**	**Картотека № 11**	**Картотека № 12**	**Картотека № 13**	**Картотека № 14**

Балалардың үйге қайтуы	**«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру**				
	Балалардың сүйікті ойыншықтарын біледі ма сұрау	Үйде ойнайтын ойыны мен ойыншығы туралы пікір алмасу	Қандай ұлттық ойындар ойнату керек кеңес беру	Жасаған ойыншықтарын көрсету	Апта бойы балалардың қандай іс әрекеттер жасағаны туралы айтып беру. Дүйсенбі күнге балалардың сүйікті кітаптарын беріп жіберуді сұрау.

Тәрбиелеу мен білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ЖШС «Ер-Наз 2013» балабақшасы
Топ/сынып: Мектепалды
Балалардың жасы:5-6жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 22.09-26.09.24ж

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 22.09.2024**	**Сейсенбі 23.09.2024**	**Сәрсенбі 24.09.2024**	**Бейсенбі 25.09.2024**	**Жұма 26.09.2024**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баладан балабақшаға келе жатқанда табиғаттан қандай өзгерістер байқағаны туралы жеке жеке сұрау. **(сөйлеуді дамыту).** Сәлемдесіп, балаға бір орталықта ренжіп, жылып тұрған эмодзи суретін көрсетіп оның жинаған құрастырмалы ойыншықтары шалып қалғанын көрсетіп көмек беруді ұсыну. Мозайка немесе Лего ойыншықтарымен әрекет жасауын ұйымдастыру. «Күй күмбірі» - шығармашылық дағдыларды қалыптастыру қабылдау барысында күй тыңдау.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы, ауа райының өзгеруіне байланысты киінуі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Күн және жаңбыр», «Бақшада не өседі?», «Ұшты, ұшты» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) **Балалармен жеке жұмыс.**				
	Ертегідегі ғимараттарды құрастыру материалдарынан құрастыру. **(Танымдық, іс-әрекеті)**	Кейіпкерлердің киімдерін киіп ертегілерді сахналау**. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)**	Ғажайып әлемді қиялдау бойынша құрастыру**. (Танымдық, іс-әрекеті)** Ғажайып кейіпкерлердің суретін салу **(Бейнелеу іс-әрекеті)**	Әр түрлі табиғи заттардан топты сәндеу, орталықтардың заттардың, сөрелердің орнын ауыстыруға жағдай жасап, көмектесу. **(Танымдық, іс-әрекеті)**	**«Адал азамат».** Театрда болатын заттар туралы, ол жерде еңбек ететін мамандар туралы ақпарат беру. Еңбегін бағалауды үйрету. **(танымдық іс әрекет)**
Ертеңгі жаттығу	Картотека № 2				

	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. **(тіл дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балалар жаңалықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеу.	Терезеден табиғатты бақылау, күнделікті ауа райына байланысты табиғат бұрышында суреттерді ауыстыру. «Алтын күз» дегенді қалай түсінетіні, неге жапырақтар түсін өзгертеді, неге олар түседі тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(Тіл дамыту)**	«Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(Қазақ тілі)**	«Балабақша» өлеңді қайталау шығарманың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. **(Көркем әдебиет)**	Шаттық шеңберін өткізу Үлкен шеңбер құрайық Алақанды ұрайық Күлімдесін күнде, Күлімдейік бізде Алақанды ашайық, Күннің нұрын салайық. Таза ауаны жұтайық Жүрекке жылу сыйлайық. Отбасы және балабақша деген не? Тақырыбында балалармен жеке әңгімелер жүргізу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелерін таныстыру **(Тіл дамыту)**

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**1.Тіл дамыту** **Тақырыбы:** «Менің сүйікті ойыншығым» **Мақсаты:** Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру Міндеттері: ауызекі сөйлеулерін дамыту. Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу. **Сылдырмақпен би** Қолымызда сылдырмақ Сылдыр, сылдыр етеді. Аяғымыз тыпырлап, Өзі билеп кетеді. Тып, тып, тып, тып. Тыпылдатып биге шық. Қолымызда сылдырмақ, Сыңғырлата қағамыз. Сол аяқ пен оң аяқ Басуын тез табамыз. Тып, тып, тып, тып **2. Дене тәрбиесі** маман жоспары бойынша **3.Қазақ тілі** **Тақырыбы: «Құстар»** **Мақсаты:** Сөздерді жіктеп,	**1. Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Жемістер жыры» **Мақсаты:** Қоршаған орта туралы түсінігін қалыптастыру. Міндеттері: тілдік ойлау қабілетін дамыту. Өз ойын айта білуге, басқалардың пікірін тыңдай білуге тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын: «Дәмін тат». Ойынның шарты**: Ойынға қатысушылардың көзін кезекпен байлап, кесілген дайын жемісті аузына салады. Бала дәмі бойынша қандай жеміс екенін табады. **2.Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы.** «Дыбыс пен сөз » **Мақсаты:** -дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру Міндеттері: сөйлеу барысында естіген сөздердегі дыбыстарды ажырата	**1.Тіл дамыту** **Тақырыбы: «Ертегілер елінде»** Мақсаты: Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Міндеттері: байланыстырып сөйлей білуге үйрету **2.Қазақ тілі** **Тақырыбы:** «Балабақша бөлмелері» **Мақсаты:** Балабақша бөлмелерінің атын дұрыс айтуға үйрету. Міндеттері: сурет бойынша сөйлем құрап әңгіме айту. **Сөздік ойын: «Жалғасын тап».** Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді	**1.Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы.** «Сөз» **Мақсаты:**-: Баланың сөз туралы түсініктерін қалыптастыр Міндеттері: сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп, айыра білуге үйрету. **Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт» Ойын шарты:** доппен орындалады. **2.Математика негіздері** **Тақырыбы:** «3 және 4 сандары» **Мақсаты:** цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; Міндеттері: заттарды санау	**1. Музыка** Маман жоспары бойынша **2. Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Торғай» **Мақсаты:** тақпақты жаттау, ертегі тыңдау, әңгімелесу Торғай-торғай, торғайсың Жақын келіп, қонбайсың? Жем шашайын, тойып ал Торғай, онда тоңбайсың Міндеттері: тақпағын жаттау. «Жұлдыз пен дәуіт ертегісі» бойынша сахналау. **«Күз жомарт»** **Мақсаты:**- - Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуға үйрету. **3.Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы.** «Сөз. Сөздің мағынасы» бекіту **Мақсаты:**-Сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп, айыра білуге үйрету Міндеттері: сөйлеу барысында естіген сөздердегі дыбыстарды ажырата білуге баулу.

баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	терезелерге жапсыру. Жасаған ұлпаларды әр түрлі бояулармен сәндеу Қар түйіршіктерінің мүсінін ермексаздан жасау **(бейнелеу, шығармашылық іс-әрекеті)**	Шыршаны сәндеуге ойыншықтар жасату. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауын қадағалау. **(жапсыру)** Жаңа жылдық тақпақтарын қайталау.	кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтарымен жабдықталған орта құруды үйрету. Заттардың мүсінін жасау немесе суретін салуын ұйымдастыру. **(танымдық, шығармашылық іс-әрекеті, экологиялық тәрбие)**	**дидактикалық ойын Мақсаты:** балалардың ақша туралы түсініктерін кеңейту. Материалдар: ақша жинайтын сандықша, монеталар. Барысы: балаларға монеталар мен жинақ сандықша ұсынылады. Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады, дұрыс жауап берген балаға монета беріледі, оны жинақ сандықшаға салады. Жұмбақтардың шешуін тауып болғаннан кейін балалар жинақ сандықшадағы монеталарды санайды. **(қаржылық сауаттылық)**	құрдастарына құрметпен қарауға тәрбиелеу. Педагог балалардан қандай адамгершілік қасиеттер құрметке лайық болып көрінетінін ойлануды және айтуды сұрайды. Содан кейін балалар шеңберге тұрып, бір-біріне допты беріп, доп берген баланы не үшін құрметтейтінін айтады. Ойын барлық қатысушылар айтып болғанша жалғасады. **(адалдық әліппесі)**

Балалармен жеке жұмыс	АйАльбинаге өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіндіру.	Аялаға еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауды үйрету.	Нұрисламның «бүгін», «кеше», «ертең» ұғымдарын ажыратуын қалыптастыру.	Асылымға табиғи және қалдық заттардан құрастыруда шығармашылық танытуын дамыту.	Аминаға өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға үйрету.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **(тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру).**				
Серуен	**Картотека №15**	**Картотека №16**	**Картотека №17**	**Картотека №18**	**Картотека №1**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау. **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту)				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы): ЖШС «Ер-Наз 2013» балабақшасы
Топ: «Жұлдыз» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5-6жас
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 29-31 желтоқсан 2025 жыл

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 29.12.2025 ж**	**Сейсенбі 30.12.2025 ж**	**Сәрсенбі 31.12.2025ж**	**Бейсенбі 01.01.2026ж**	**Жұма 02.01.2026ж**
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **(қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру)** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу. **Күй күмбірі «Адай»**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	**Дербес ойын** «Қуыршақты тамақтандыр». **Мақсаты:** Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру. Ермексаздан түрлі тағамдар жасау. **(мүсіндеу)**	**Танымдық-қимылды ойын:** «Аңдар жүрісі» **Мақсаты:** Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады. **(қоршаған әлеммен танысу)**	**Суреттік боямалар** «Кім, қайда өмір сүреді» **Мақсаты:** Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады. **(сурет салу)**		
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату. Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені, таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. **Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **(жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) «Күй күмбірі» Адал азамат**				
	Картотека №19	**Картотека №20**	**Картотека №21**		
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** **«Үнемді тұтыну» Адал азамат**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері				

	(қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру)				
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**1.Тіл дамыту** **«Қыс мезгілінің ерекшеліктері»** **Мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелеу. Ойын арқылы фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау(басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасату. ыс ыс ыс келіп жетті қыс ар ар ар жауады қар. **Дидактикалық ойын: «Сөздерді жалғастыр»** **Мақсаты:** Балалардың сөйлеу қабілетін дамыту. Сөздік қорын байыту. Ойын арқылы байланыстырып сөйлеуге үйрету.	**1.Көркем әдебиет** **«Қолғап»** **Мақсаты:** ертегісін рөлдергебөліп, сахналауды меңгерту, балалардың бір бірімен келісе алуын қалыптастыру. Рөлдерді кейіпкерге сәйкес орындау. **«Тоши» мультфилі-мін тамашалату.** **Мақсаты:** Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдірту. Ойлау. қайта жаңғыртып еске түсіру арқылы қиялдай білуге үйрету. Ертегі арқылы балаларды адамгершілікке, мейірімділікке және еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Мәнерлеп сөйлеуге, шығармашылыққа	**1.Тіл дамыту** **«Бата»** **Мақсаты:** Бата беру туралы әңгімелесу. Міндеттері: «Батамен ел көгерер, жауынмен жер көгерер» мақалын жаттау. Мағынасын түсіндіру. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білуді дамыту. **(ЖИ қолдану, Атаның бата беруін тыңдау)** **Дидактикалық ойын "Сандықтағы қазына"** **Мақсаты:** балалардың зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Ойын шарты: сандықтағы тапсырмаларды орындау.		

	Қажетті құралдар: Суретті карточкалар (жануарлар, көкөністер, ойыншықтар, табиғат көрінісі). Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға сурет көрсетеді (мысалы, қоян). «Бұл – қоян. Ол …» деп бастап береді. Балалар сөйлемді жалғастырады: «секіреді», «сәбіз жейді», «орманда тұрады». Әр бала кезекпен өз ойымен толықтырады. **2. Дене тәрбиесі педагог жоспары бойынша** **3.Қазақ тілі Қыс қызығы»** **Мақсаты:** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді	баулу. **(ЖИ арқылы көрсету)** **2.Музыка педагог жоспары бойынша** **3.Сауат ашу негіздері «Жаңа жыл мерекесі»** **Мақсаты:** Жаңа жыл мерекесі туралы суреттерді қарау, әңгімелесу. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсінуін дамыту. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкіжоғарыдан	**2.Қазақ тілі «Киіз үй»** **Мақсаты:** Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп), сөздермен таныстыру, толықтыру. **3.Дене тәрбиесі педагог жоспары бойынша** **4.Математика негіздері «9 саны»** **Мақсаты:** Көрнекілік негізінде 9 санының пайда болуымен таныстыру. Міндеттері:9 көлеміндегі санды тура және кері		

	(хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Міндеттері: Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Терезеге қарап қыс туралы ойларын айтып, қыстың қызықты сәттері туралы әңгімелеу, ертегі құрастыру. **«Дыбыс бер» дидактикалық жаттығуы** **Мақсаты:–** Мен сендерге сөздер айтамын, ұяң дауыстыдан басталған сөзді естісеңдер, қол шапалақтайсыңдар. – Парта, балық, вагон, сәбіз, тарақ, доп, жалау, шырша, таға, домбыра, гүл, бәтеңке. «Сөзге ұяң дауыссыздан басталатын сөзді қос» дидактикалық	төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салуды дамыту. **«Өз үйіңді тап» дидактикалық ойыны** **Мақсаты:** Түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. Еңбекке баулу Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. **4. Қоршаған әлеммен таныстыру «Ережелер»** **Мақсаты:** Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды	санауға үйрету. Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. **Ойын «Ұлттық сандық»** Мақсаты: Балаларға санауда жаңылмай, ретімен санауды дағдыландыру, заттарды айырмашылықтарына қарай топтастыруға үйрету. Санап, ұлттық бұйымдарды топтау (ыдыстар, оюлар).		

	жаттығуы – Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер мағынасы бойынша келетін, ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын сөзді жалғап айтуларың керек. Мысалы: үстел ...(биік), қоян ... (жүйрік), сағат ... (домалақ), қызыл ...(доп), ала ...(жолбарыс), ақ-қара ... (жолақ), әдемі ... (гүл), ұзын ... (вагон), бақылдауық ... (бақа), білімді ... (ғалым), жайылып жүр ... (жылқы), күмбірлеген ...(домбыра), желбірейді ...(жалау), зымыран ... (ұшты), әдемі ... (зырылдауық) т.б. **4.Математика негіздері «Ғажайып қоржын»**	жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын меңгерту Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын талқылап ұғындыру.			

	Мақсаты: Ғажайып қоржыннан шыққан ойыншықтарды салыстыру, жиын жасау. Міндеттері: Жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін салыстыруды үйрету Нүктелерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. **Дидактикалық ойын: «Жетіні табайық»** **Мақсаты:** Балаларды 7 санымен таныстыру. Заттарды санағанда «жеті» ұғымын дұрыс қолдануға үйрету. Зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. Қажетті құрал-жабдық:				

	7 зат бейнеленген суреттер (7 алма, 7 құс, 7 гүл т.б.).				
2- ші таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. (**мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат).**				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету. **(тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру).**				
Серуен	**Картотека №2**	**Картотека №3**	**Картотека №4**		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті). «Үнемді тұтыну» Адал азамат** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.				

	Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **(тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру).**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотериканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
	Картотека №20	**Картотека №21**	**Картотека №22**		
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. (**мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** **«Үнемді тұтыну» Адал азамат.**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті,	**«Шындық жолы»** Тәрбиеші әртүрлі жағдаяттарды айтады. Мысалы: – «Бала қателесіп, мойындады»	**Қимылды ойын** «Жел мен жапырақ» **Мақсаты:** табиғат құбылыстарын қимылмен бейнелеу,ептілікті дамыту.	**«Біздің мектеп – біздің үй»** Балалар бірге үлкен «үй» құрастырады. Әр бөлікті жапсырған сайын тәрбиеші сұрайды:		

кітап қарау және басқалары)	– «Бала достарының затын алып қойды» Балалар дұрыс жауап бойынша «шындық жолымен» жүреді. **(адалдық әліппесі)**	**Шарты:** балалар жапырақ, тәрбиеші «жел соқты» десе балалар айналып әр тарапқа жүгіріп кетеді. « Жел басылды» десе, бәрі тоқтайды.	– «Бұл үй не үшін?» – «Біз бірге не үйрендік?» **(адал азамат)**		
Балалармен жеке жұмыс	**Шахмарданмен** заттардың түсі, көлемі, пішінін өз бетінше зерттеу және салыстыруға үйрету.	**Альбинамен** ермексазды пайдаланып кішкентай дөңгелектер жасау арқылы, қолдың моторикасын дамыту.	**Диаспен** дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыштардың жапсырмаларын қолдануға үйрету.		
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **(тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру).**				
Серуен	**Картотека №2**	**Картотека №3**	**Картотека №4**		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау. **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				

Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту)

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы ЖШС «Ер-Наз 2013» балабақшасы
Топ: «Жұлдыз» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5-6жас
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 05.01-09.01.2026 ж

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 05.01.2026**	**Сейсенбі 06.01.2026**		**Бейсенбі 08.01.2026**	**Жұма 09.01.2026**
Балаларды қабылдау	**Күй күмбірі; А. Еңсепов «Ұлы жібек жолы»** Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл-күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Музыка әуенімен балаларды қабылдау, амандасуға үйрету, жақсы көңіл күй орнату (музыка) **(қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру).** **Сөздік қор:** Балабақша Сәлеметсіз бе! Қайырлы таң! Сау болыңыз! Рахмет!				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес	**«Қауіпсіздік ережелері»** Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу шін балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті		Кітаптарды қарау, балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. **(көркем әдебиет)** Өсімдіктерге	**"Комплимент"** сәлемдесу Мақсаты: өзіне деген сенімділікті арттыруға ықпал ету. Балалар допты шеңберге өткізіп, бір – біріне мақтау

және басқалары)	жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау. **(сөйлеуді дамыту, дербес ойын әрекеті)**	ойындары, логикалық ойындар. Қазақстанның карталарын қарату. (жануарлар құстар, өсімдіктері бар) **(танымдық іс әрекеті)**		қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білуді үйрету: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту. **(балалармен жеке жұмыс)**	айтады-бұл адамға айтқысы келетін жағымды, жылы сөздер. (қоршаған ортамен танысу) **(балалармен жеке жұмыс)**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені, таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. **Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **(жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат)**				
	Картотека№1	**Картотека№2**		**Картотека№3**	**Картотека№4**
Таңғы ас	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою). Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс. Әдептілікті сақтау. Балалардың ұқыптылығын бағалау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры:** Ас болсын! дәмді, ащы, тұз, тәтті, қант, ауыздарыңды жауып шайнаңдар, әбден шайнап жеңдер, майлықпен сүртіңдер, төкпей-шашпай ішіңдер. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат.**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **(қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру).**				
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**1.Тіл дамыту**	**1.Көркем әдебиет**		**1.Сауат ашу**	**1.Музыка**

	Тақырыбы: «Алтын сандық». Алтын сандықтан әр балаға бір зат алуды ұсыну. **Мақсаты:** Оларды көрмей ұстау арқылы сипаттауға үйрету. Олардың қандай материалдан, қатты, жұмсақ екенін салыстыру. Сөздерден сөйлем, әңгіме құрау. **Саусақ гимнастикасы. «Қарға, қарға, қарғалар».** Қарға, қарға, қарғалар, Қар үстінде жорғалар. Олар тамақ пісірді, Су әкелді, Ағаш жарды, Балаларға тамақ берді. **2.Дене тәрбиесі** маман жоспары бойынша **3.Қазақ тілі** **Тақырыбы: «Футбол» ойыны.** **Мақсаты:** Ауызды жауып, тілдің ұшымен	**Тақырыбы: Қонжық** Қорбаң, қорбаң етеді, Тәттіні жақсы көреді. Қазір де ол бүлдірген Іздеп жүр ме, кім білген? **Мақсаты:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуды үйрету, есте сақтау қабілетін, ақыл-ой қабілетін дамыту; баланың сөздік қорын толықтыру. **Д\о «Бізге келген қонақтар»** **Мақсаты:** Кейіпкердің мінезіне сай әуенді ажырата білуге үйрету**.** **ЖИ арқылы** жануарларды көрсету, жануарларға сәйкес әуендерді таңдау. **2.Музыка** маман жоспары бойынша **3.Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы: «Қыс мезгілі»** **Мақсаты:** Әр түрлі суреттері бар карточкаларды балаларға		**негіздері** **Тақырыбы: Карточкалармен жұмыс.** **Мақсаты:** Әр түрлі суреттер бейнеленген карточкалармен жеке жұмыс. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, Әртүрлі бағыттағы толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, жазуға мүмкіндік беру. **Д\о: «Кім көп сөз ойлайды»** «Н» дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтыңдар. Жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды пайдаланып. Тіл ұстарту жаттығулары: На – на – на, зулайды шана.	маман жоспары бойынша **2.Көркем әдебиет** **Тақырыбы: «Жеті лақ»** **Мақсаты:** Балалардың қалауы бойынша немесе «Жеті лақ» ертегісін рөлдерге бөліп, сахналауды үйрету. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін бала қалай қабылдағаны туралы айтуды, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсінуін дамыту. **«Логикалық есептер»** **Мақсаты:** балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Тәрбиеші балаларға логикалық ойлуды қажет ететін сұрақтар қояды. Мысалы: Бір адамда неше аяқ болады?

	кезек кезек біресе оңға біресе сол жақ бетке тигізу. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және анық дикцияны дамыту. **Д\о: «Не естідің?»** **Мақсаты:** аудио жазбадан жануарлардың дауыстарын және балғаның дауысын тыңдатып, ненің дауысы екенін ажырату. **4.Математика негіздері** **Тақырыбы: «10 саны»** **Мақсаты:** Көрнекілік негізінде 10 санының пайда болуымен таныстыру. Тік және көлбеу таяқшаларды сызуға үйрету. Нүктелерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды дәптердің тор көзінде сызуға	таратып беру. Өз бетінше суретті әңгімелеу. Сөз және сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі сызықтарды үзбей салуды дамыту. **4.Қоршаған әлеммен таныстыру** **Тақырыбы: «Жануарлар»** **Мақсаты:** Жануарлардың суреттерін салу. Міндеттері: Жаңа түстерді (күлгін) бояуды араластыру арқылы шығаруды үйрету (гуашпен сурет салу кезінде). **Тәжірибе "Біз ұлпа қармыз"** **Мақсаты:** Тәжірибе барысында балаларға қардың жылы жерде қалай еріп, суға		1.Штрихта 2.Үзік сызықтарды бастыр 2.**Математика негіздері** **Тақырыбы: «Ғажайып қоржын» Мақсаты:** қоржыннан шыққан ойыншықтарды салыстыру, жиын жасау. Жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін салыстыруды дамыту. Нүктелерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. **3.Дене тәрбиесі** маман жоспары бойынша **4.Қоршаған әлеммен таныстыру**	Үш мысық болыпты, біреуі сұр кетіп қалыпты, екіншісі қара түсті екен. Үшінші сары мысық құстарды қуып кетіпті. Қандай түсті мысық қалып қойды? Бір бөлмеде әр бұрышты бір мысықтан отыр. Бөлмеде неше мысық бар? **3.Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы: «Қысқы жануарлардың тіршілігі»** **Мақсаты:** Қысқы жануарлардың тіршілігі туралы суреттер көру. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, Әртүрлі бағыттағы толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, жазуға мүмкіндік

	үйрету. **Дидактикалық ойын «Адасқан сандар»:** **Мақсаты:** Сандар қатарымен тура және кері санау дағдысын жетілдіру, балаларға үлестірмелі сандар жинақтары арқылы көрші сандардың орнын анықтауға үйрету. Шарты. Бірден онға дейін тура және кері ретпен қатесіз санау. 1-ден 5-ке дейін санаймыз.	айналатынын көрсету. **Жабдық:** Қар толтырылған ыдыс, жылы және салқын су құйылған банкалар, екі тығын. **Тәжірибенің сипаттамасы:** **Жұмбақты тыңда.** *Бұл үлпілдек күміс* *Бірақ оны қолыңызбен ұстамаңыз* *Бұл таза тамшыға айналады* *Алақанға қалай салуға болады* *Бұл не?* *Қар.*		**Тақырыбы: «Жануарлар»** **Мақсаты:** Жануарларды табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, керік, піл, маймыл) бойынша топтастыруды меңгерту. Жылы елдердегі жануарлар қыста не істейді. **ЖИ арқылы фильм қарау.**	беру. **Дидактикалық ойын «Жалпы атауын ата»:** **Мақсаты:** Балалар заттарды жеке-жеке атауын бір сөзбен айта алады. Мұқияттылыққа үйренеді. **4. Сурет салу** **Тақырыбы: «Жануарлар»** **Мақсаты:** Ертегі желісімен балалардың өз таңдауы бойынша жануардың суретін салу. Қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, өз жұмысының нәтижелерін бағалауды үйрету.

2-ші таңғы ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру «Асты қадірле» әңгімелесу Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру.. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) «Үнемді тұтыну» Адал азамат.**				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балалардың ретімен киінуін, ауа-райы жағдайына байланысты жылы киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру қалыптастыру. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **(тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру).**				
Серуен	**Картотека №5**	**Картотека №6**		**Картотека №7**	**Картотека №8**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(еңбек іс әрекеті).** Жүйелі түрде шешіну, киімді шкафқа салу, қолды жуу. **Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры:** жолдасына көмектесу, киімдерін ұқыпты жинау.				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) «Үнемді тұтыну» Адал азамат** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.				

	(тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотормканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотормканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) «Үнемді тұтыну» Адал азамат**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Кітаптарды қарату, **«Аю мен тышқан»** ертегісін оқып беру. Рөлдерге бөліп ойнату. **(адалдық әліппесі)** Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп аю мен тышқанның мүсінін жасату. Қағаздан қиып жапсыру. **(шығармашылық іс-әрекет)**	**Ақ қоян** Ақ қоян-ау, ақ қоян, Арғымақша шап қоян. Озып келсең мен саған, «Жеңімпаз» деп ат қоям. Құлақтары тік қоян, Аяқтары ұп қоян. Мұнша желіп жортасың, Сендей жүйрік жоқ қоян. Ақ қоян-ау, ақ қоян, Жүнің мамық, пәк қоян. Жылы үйіңде алаңсыз, Ұйықтап шықшы сақ қоян.	**«Теңге алу», «Айырмашылығын тап»** ойындары Мақсаты: қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту.	**«Банкомат», «Ақшаны жұмсауды үйренеміз»** ойындары Мақсаты: заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол	**«Схема бойынша құрастыр»** Мақсаты**:** Балалармен құрылыс бөлшектерін есте сақтаңыз, олар білетін қасиеттерін оларға көрсетіңіз. Карточканы көрсетіңіз, онда не бейнеленгенін сұраңыз, ғимараттың қандай бөлшектерінен

		Л.Қыраубайқызы Тақпақты жаттату. Бір біріне айтып беруін ұйымдастыру. **(қарым-қатынас және танымдық іс-әрекет)**	**(қаржылық сауаттылық)**	моторикасын дамыту. **(қаржылық сауаттылық)**	жасалғанын қарастыруды және айтуды ұсыныңыз. Құрылыс бөлшектерінен сол ғимараттарды салуды сұраңыз. Бөлшектер дің толық көлемде бейнеленуі маңызды. **(құрылыс ойындары)**
Балалармен жеке жұмыс	Раянаны доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен қимылды ойындарды ойнауға қызықтыру.	Аяланы ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруын жетілдіру.	Диасды 10 көлемінде санап, сандарды ретімен атауын дамыту.	АйАльбинані ұлттық би өнеріне қызығушылық танытып, дағдыландыру.	Ибрahимнің қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениетінің ережелерін жетілдіру.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотористерді дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету. **(тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру)**				
Серуен	**Картотека № 1**	**Картотека № 2**		**Картотека № 3**	**Картотека № 4**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(еңбек іс әрекеті).** Жүйелі түрде шешіну, киімді шкафқа салу, қолды жуу.				

	Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры: жолдасына көмектесу, киімдерін ұқыпты жинау.
Балалардың үйге қайтуы	Үйде ертегі кітаптарының суретіне қарап, ертегі айтып беруін өтіну, ұсыну. Өз бетінше кітап жазса оның аты қандай болады, әңгімелесу. Апта бойы жаңа жылда алған әсерлерімен бөлісу, жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру. «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту)

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы: ЖШС «Ер-Наз 2013» балабақшасы
Топ: «Жұлдыз» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5-6жас
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету: 12.01-16.01.2026 ж

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 12.01.2026**	**Сейсенбі 13.01.2026**	**Сәрсенбі 14.01.2026**	**Бейсенбі 15.01.2026**	**Жұма 16.01.2026**
Балаларды қабылдау	**Күй күмбірі; «Енсепов Асылбек – «Детство, Балалық шақ»** Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Музыка әуенімен балаларды қабылдау, амандасуға үйрету, жақсы көңіл күй орнату **(музыка)** **(қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру).** **Сөздік қор:** Сәлемтсіздер ме! Үй, дүйсенбі, қаңтар айы**.**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Бала өз ой-пікірін еркін айтуы үшін сабырмен тыңдаңыз. Уақытында ұйықтау мен ояну әдетін сақтаңыз. Киім мен ойыншықтарына ұқыптылық үйретіңіз. Кешке бір күндік жетістікке бірге қуаныңыз. Теледидар орнына бірге ертегі тыңдау ұсынылады.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес	**«Қауіпсіздік ережелері»** Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту.	**«Менің құқықтарым, менің міндеттерім»** Кітаптарды қарау, әңгімелер айту. Балалармен жеке жұмыстарды орындау **(танымдық, қарым - қатынас іс-әрекеті)**	**«Менің ертегі кейіпкерім»** әр түрлі заттардан құрастырып ойындар ойнату. Интелектум құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары.	Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. **Дидактикалық ойын «Айырмашылығын тап», «Қай ойыншық жоқ»,**	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Табиғи материалдармен

және басқалары)	Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. **(сөйлеуді дамыту, дербес ойын әрекеті)**		Балалармен жеке жұмыстарды орындау **(танымдық, қарым-қатынас іс-әрекеті)**	**«Ұқсайды-ұқсамайды»** Балалармен жеке жұмыстарды жасау **(шығармашылық, танымдық іс-әрекеті)**	құрастыру, шығармашылық жұмыстар. Балалармен жеке жұмыстар **(дербес қимыл әрекеті)**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату. Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені. Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. **Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **(жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат)**				
	Картотека № 5	**Картотека № 6**	**Картотека № 7**	**Картотека № 8**	**Картотека № 9**
Таңғы ас	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою). Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс. Әдептілікті сақтау. Балалардың ұқыптылығын бағалау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) **Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры:** Ас болсын! дәмді, ащы, тұз, тәтті, қант, ауыздарыңды жауып шайнаңдар, әбден шайнап жеңдер, майлықпен сүртіңдер, төкпей-шашпай ішіңдер. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат).**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері. **(қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру)**				

Кестеге сәйкес ҰІӘ	**1.Тіл дамыту** **Тақырыбы: «Қаңтар»** **Мақсаты:** Дыбыстық талдау жасауды үйрету. Міндеттері: Қыс белгілері жайлы әңгімелесу. Балалардың қыс мезгілі жайлы білімдерін дамыту. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу. **ЖИ арқылы қысқы киім киген бала қыс мезгілі жайлы сұрақтар қояды.** **Дидактикалық ойын «Қай мезгілде ойнаймыз?»** **Мақсаты:** Шаңғы, асық, шана, доп, хоккей, секіргіш жіп суреттеріне қарап, қай мезгілде ойнайтынын айту. Олардың маңызын түсіндіру. **2. Дене тәрбиесі** маман жоспары бойынша **3.Қазақ тілі**	**1.Көркем әдебиет** **Тақырыбы: «Жақсы мен жаман»** **Мақсаты:** әдеби шығарманы мәнерлеу құралдарына байланысты қабылдауға дағдыландыру. Әңгімелеуде эпитет пен теңеуді қолдану. Сөздік қорын байыту. Жағымды мінез-құлық дағдысын қалыптастыру. **Жақсы мен жаман** Жақсы бала ол анық, Істемейді шалалық. Тап-таза боп жуынып, Жүреді ол таранып. **2.Музыка** маман жоспары бойынша **3.Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы: «Сөйлем құрау».** **Мақсаты:** «Сөйлем», «Сөйлемнің сызбасы» деген ұғымдарды бекіту. Сөздерді қатыстырып, белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші,	**1.Тіл дамыту** **Тақырыбы: «Маған ұнайтын құс»** **Мақсаты:** Құстар жайлы мағлұматтар беру. Қыстап қалған құстар жайлы әңгімелесу. Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдануды қалыптастыру. **ЖИ арқылы құстарға жан бітіру.** **Дидактикалық ойын: «Сөз ойла – тез ойла!»** Сөзжұмбақ жасыру «Мә - мә» деген әні бар Секірер ор, жары бар Селтеңдейді құлағы Секіргіш бір жануар Ол не екен балалар? **Саусақ жаттығуы** Бір, екі, үш, Кәне, жина күш. Саусақтарды басайық, Жаттығуды жасайық. **2.Қазақ тілі** **Тақырыбы: « Дене**	**1.Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы: «Ертегі желісі»** **Мақсаты:** Ертегі желісі бойынша суреттерге қарап, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. Міндеттері: Тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру. «Күй күмбірі» шығармашылықпен айналысу кезінде күй тыңдау. **Қандай дыбыстан басталып тұр?» ойыны.** **Мақсаты:** Балалардың ой-өрісі мен шығармашылығын дамыту. Сурет арқылы өз ойларын жүйелі әңгімелеуге	**1.Музыка** Маман жоспары бойынша **2.Көркем әдебиет** **Тақырыбы: «Ертегі кейіпкері»** **Мақсаты:** Балалардың бастамасымен ертегіні сахналауды, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін талдау Міндеттері: қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындауды үйрету. **Д\о: «Сиқырлы қалта»** **Мақсаты:** Балаларды заттарды қолмен ұстап, санауға үйрету. 1-нұсқа – затты қолмен ұстап санау. 2-нұсқа – қандай зат екенін ұстап көріп, анықтау. **3.Сауат ашу негіздері**

	Тақырыбы: «Ұлттық киім». **Мақсаты:** ұлттық киімдермен таныстыру, олардың қазақша атауларын айтқызып, тілдерін жаттықтыру. Мақсаты: Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Жай сөйлемдер құра білу дағдыларын қалыптастыру. **4.Математика негіздері** **Тақырыбы: «Заттарды өлшеу»** **Мақсаты:** Балаларға он см сызғышты беріп, топтағы заттарды өлшеу. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін өлшеуді үйрету, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. **Іс-тәжірибе**	екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту. Сөйлем сызбасын құруға және сөйлемге мағынасына қарай сөз қоса алуға жаттықтыру. Дербес жұмыс істей алуға және шыдамдылыққа тәрбиелеу. Дыбыстармен жұмыс. **Жаңылтпаш жаттау.** Ләйлек лайға лайланды Лайланған ләйлек, Лайда отырып жайланды. Тіл ұстарту жаттығуы: Ла - ла - ла - лақ, Лә - лә - лә - Ләззат. **Дыбыстық талдау.** Суреттерді ата. Буынға бөл, дыбыстық талдау жаса. **4.Қоршаған әлеммен таныстыру** **Тақырыбы: «Құстар»** **Мақсаты:** Құстардың мекендеу орны қозғалу тәсілі бойынша ақпарат беру.	**мүшелерінің атқаратын қызметі».** **Мақсаты:** дене мүшелерінің атқаратын қызметін айта алуға үйрету. қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. **Дыбыстық жаттығу** (айнамен қайталау). Көру – көзбен көру. Тыныс алу – мұрынмен дем алу. Есту – құлақпен есту. Ұстау – қолмен ұстау. **3. Дене тәрбиесі** маман жоспары бойынша **4. Математика негіздері** **Тақырыбы: «10 көлемінде тура және кері санау»**	дағдыландыру. 2.**Математика негіздері** **Тақырыбы: «Заттар тобын салыстыру және санау».** **Мақсаты:** теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру. Топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; 10-ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту. **3. Дене тәрбиесі** маман жоспары бойынша	**Тақырыбы: «Ойнай отырып оқимыз»** **Мақсаты:** сөйлем құру және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын бекіту. Сөйлем құрып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айта алу және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын жетілдіру. Сөзді дыбыстық талдай алу дағдыларын бекіту. **4. Мүсіндеу** **Тақырыбы: «Қоржынды сәндейміз».** **Мақсаты:** қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Қазақ оюларының көптүрлілігі туралы түсініктерін кеңейту,

	жаттығуы. **«Қалташада жатқан бұршақтардан бес санын құрайық».** **Мақсаты: Зейінге арналған жаттығу.** **«Саны қанша зат туралы айтылды?»** Ойша санау дағдыларын дамыту. Балаларды « 5» санымен өз беттерінше есеп құрай білуге үйрету. Дәптермен жұмыс	Құстардың қылықтарын қайталау. Тоты құсты бақылау. «Қайсысы артық?» дидактикалық ойыны Өз ойын нақты әрі еркін жеткізу қабілеттерін күшейту; есте сақтау қабілеттерін дамыту**.** **Д\о: "Ұннан жасалатын тағамдар".** **Мақсаты:** ұннан жасалатын тағамдарды ажырату, сөзді қорларын молайту, тәрбиеші әр баланың алдына тағамдар бейнеленген суреттер таратады. Суреттер ішінен тек ғана ұннан жасалатын тағамдарды іріктеп алу керек және де тағамның атын атауы керек.	**Мақсаты:** 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру. Келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру. Сандық кесіндіден 1-ді қосу және 1-ді азайту арқылы мысалдар шығару ұғымдарын қалыптастыру. **Д/о:«Сипап сезу арқылы санау»** **Мақсаты:** Сипап сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету, санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу. **Цифрды жазу және безендіру жаттығуы.**	**4.Қоршаған әлеммен таныстыру** **Тақырыбы: «Қызыл кітап»** **Мақсаты:** Қызыл кітапқа енген құстардың түрлерімен таныстыру. Қыста құстардың тіршілігі туралы фильм тамашалау. **ЖИ қолдану.** **Д\о «Мәтін құрайық».** **Ойын мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, ойдан сөйлемдер құрап, құралған мәтінге тақырыбын таңдап, жылдам ойлануға дағдыландыру. Ойын шарты. Балаларға бірнеше суреттер беріледі, ойдан сөйлем құрап, тақырып атауын қояды.	балаларға қоржынды мүсіндеу техникасы мен оны әшекейлеу ерекшеліктері туралы білім беру. **«Саябақтағы қысқы ағаш»..** Балалар өз қалаулары бойынша қысқы ағаштарды қарындаштармен салып, бояп, ортақ панноны безендіреді. Тапсырманың тағы бір нұсқасы: түрлі түсті қағаздан қиып, ағаштарды қағазға жапсыруға болады.

2-ші таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету**.** **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат).**				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Балаларды реттілікпен киінуін (ауа-райына байланысты) бақылау (дене тәрбиесі). Ересектердің өзге балаларды киіндіру сәтін бақылау. **(еңбек іс әрекеті).** **Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры:** Ауа райы құбылыстары: ағаш, шырша, қар, аққала сөздерін меңгерту. **(тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру).**				
Серуен	**Картотека №5**	**Картотека №6**	**Картотека №7**	**Картотека №8**	**Картотека №9**
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Саусақ театры** **Тақырыбы:** «Алтын сақа» ертегісін оқып беру. Эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. Кейіпкерлерді сомдау арқылы ойындар **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**	**Құқықтық сауаттылықты қалыптастыру** «Қарапайым ережелері бар ойындар арқылы "ережеге бағыну», кезекті сақтау", бір-біріне құрметті қатынасу сияқты түсініктерді игеру.	**ЖЖЕ** **Машинамен саяхат»** **Мақсаты:** Далада жүру ережелері және жол белгілері бойынша балалардың білімдерін бекіту. **Қолданатын көрнекіліктер:** Ойын алаңы, фишкалар.	**Құқықтық сауаттылықты қалыптастыру** «Банк» **балаларды банк жұмысымен, оның қызметкерлерімен және банкте жүргізілетін операциялармен таныстыруға үйретуге** міндетті. **Ойын барысында** тәрбиеші балаларға банк ойнау жағдайын ұсынады. Ойыншылар рөлдерге бөлінеді: банк қызметкерілері өз орындарын алады, ал қалған балалар клиенттер болады. Банкте кеңесшілер бар, олар әрбір клиенттің картасын дайындайды, валюталар береді немесе оларды ауыстырады. Сондай-ақ банкте банкомат бар.	**Құрылыс ойындары** "Бақытты арал" Мақсаты: Қиялын дамыту. Командада жұмыс істей білу. Геометриялық фигуралардың атауларын бекіту

Балалармен жеке жұмыс	Нұржігітті қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін сақтауды машықтандыру.	Аминаға ұлттық киімдерді салуға көмектесу	Нұрсаяны қағаз бетінде бағдарлай алуға, апта күндерін, жыл мезгілдері бойынша айларды ретімен атай алуды үйрету.	Аялаға сурет салуда әртүрлі техниканы қолдануға болатынын түсіндіру.	Сартайды мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдана білуді баулу.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету. **(тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру)**				
Серуен	**Картотека №11**	**Картотека №12**	**Картотека №13**	**Картотека №14**	**Картотека №15**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау. **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту)				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы: ЖШС «Ер-Наз 2013» балабақшасы
Топ: «Жұлдыз» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5-6жас
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 23.02-27.02.2026ж

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 23.02.2026 ж**	**Сейсенбі 24.02.2026 ж**	**Сәрсенбі 25.02.2026 ж**	**Бейсенбі 26.02.2026ж**	**Жұма 27.02.2026 ж**
Балаларды қабылдау (қарым қатынас әрекеті)	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **(қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу. **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық,	Жануарлармен ойындар (пазлдар)., роботехника құралдары, шашка,	Балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.	Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда	Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен	Кітаптарды қарату, балалардың назарын кітаптың

коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	бестемше ойындарын ойнату. Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасату). Балалармен жеке жұмыс. **(танымдық іс-әрекет)**	Шағын ойын орталықтарында үстел үсті, логикалық ойындарын ойнауда олардың еркін таңдаған ойындарын ұйымдастыру, **(қарым-қатынас іс-әрекеті және танымдық іс-әрекет)**	түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту. **(бейнелеу іс-әрекеті)** Балалармен жеке жұмыс.	құрастыру ойындарын ойнату. Балалармен жеке жұмыс. **(танымдық, зерттеу іс-әрекеттері)**	безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. **(көркем әдебиет)** Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасату) Балалармен жеке жұмыс. **(танымдық іс-әрекет)**
Ертенгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату. Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Міндеті: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **(жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат)**				
	Картотека№13	**Картотека№14**	**Картотека№15**	**Картотека№16**	**Картотека№17**
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат)** **Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры:** сусын, сорпа сөздерін меңгерту. (қазақ тілі)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру. Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес				

әрі – ҰІӘ)	қалыптастыру әрекеттері. **(қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру)**				
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**1.Тіл дамыту** **Тақырыбы: «Қыс пен көктем»** **Мақсаты:** Сурет бойынша әңгіме. Көктемнің суретінен не көріп тұр? Қыстың суретінде не көріп тұр. Айырмашылықтарын атату. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеуді үйрету. **«Дидактикалық ойын:** **«Кімде не бар?»** **Мақсаты:** Заттардын атын дұрыс атай білуді үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: қолдарында заттары бар жануарлардың суреттері Ойын шарты: Суретте бейнеленген	**1.Көркем әдебиет** **Тақырыбы: «Жақсы сөздер»** **Мақсаты:** Шешендікке, сөз өнеріне баулу. Мнемокесте арқылы жаттату. Мағынасын түсіндіру. Қай кезде қолданатындарын сұрау. Ізгі сөздер: Жақсы сөз- жарым ырыс. Жалқаулық – ең жаман әдет. Мақал-мәтелдер үйрету: Сіз деген әдеп, біз деген көмек. Өнерлінің қолы алтын, Өлеңшінің сөзі алтын. 2.Музыка маман жоспары бойынша **3.Сауат ашу негіздері** **«Қызықты қыс»** **Мақсаты:** Қыс суретіндегі заттар атауын буынға бөлуді үйрету. Олардың қандай	**1.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: «Көктем келеді»** **Мақсаты:** Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдануды үйрету: дауысқарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеуді үйрету Тақпақ жаттату. Көктем Көктем келді бүгін, Күнім төкті нұрын. Сайрап барлық құстар, Ән салуға құштар. Түрлі-түсті әйбат, Гүлдер шықты жайнап. Қызыл-жасыл аймақ, Қырға шықтық ойнап. *Б.Жақып* **2.Қазақ тілі** **«Мен серуенде не істеймін»**	**1.Сауат ашу** **Тақырыбы: «Буын саны»** **Мақсаты:** Назарын терезеге аудыру. Не көріп тұрғандарын сұрау. Көктемнің белгілерін атап, сол сөздерді буынға бөлгізу. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, буындардың саны мен ретін анықтату. Нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру. **Үстел үсті ойыны:** **«Сөздер тізбегі»** **Мақсаты:** Әріптерден буын құрап, одан сөздерді құрастыруды үйрету. Балалардың есте сақтау қабілетін	1.Музыка маман жоспары бойынша **2.Көркем әдебиет** **Тақырыбы: «Жақсы сөздер»** **Мақсаты:** Шешендікке, сөз өнеріне баулу. Мнемокесте арқылы жаттаған ізгі сөздер мен мақалдарын естеріне түсіру, айтқызу. Мағынасын түсіндіру. **«Жақсы және жаман» танымдық ойыны:** **Мақсаты:** Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті

	жануарлардың немесе ойыншықтардың қолында қандай зат бар екенін атайды және сол затты сипаттайды. Мысалы: қоянның қолында сәбіз бар, ол көкөніске жатады. т.б. 2.Дене тәрбиесі маман жоспары бойынша **3.Қазақ тілі** **«Ұлттық заттар»** **Мақсаты:** Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. Ұлттық заттарды көктемнен басқа қай уақытта қолдануға болатынын анықтату. **4.Математика негіздері** **«Көктем және қыс мезгілінде**	дыбыстан басталып тұрғанын сұрау. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, Сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтату. Дәптерде нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру. **Дидактикалық ойын:** **«Шар жарылды»** **Мақсаты:** Дыбыстық жаттығу жасау арқылы «ш» дыбысын анық айтуға жаттықтыру. Ептілікке баулып, қызығушылықтарын арттыру. **4.Қоршаған әлеммен таныстыру** **«Үй жануарлары»** **Мақсаты:** Үй жануарлары туралы мультфильм тамашалату. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау,	**Мақсаты:** тақырыбында балалармен әңгіме жүргізу. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. **Қимылды ойын:** **«Пойыз»** **Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру.	дамыту, сөздік қорларын арттыру. **2.Математика негіздері** **«Ғажайып сандық»** **Мақсаты:** Ғажайып сандықтан шыққан заттарды топтастыру. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бірбөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Тік және көлбеу таяқшаларды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. **ЖИ арқылы ұяшықтардағы тапсырмаларды орындау.** 3.Дене тәрбиесі маман жоспары бойынша	тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. **3.Сауат ашу негіздері** **«Ұлттық жәдігерлер мен заттар»** **Мақсаты:** Кешегі күні танысқан ұлттық жәдігерлер мен заттарды танып, атау сөздерін буынға бөлгізу. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру. Нүкте лерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға дағдыландыру.

	қолданылатын заттар» **Мақсаты:** Карточкалар арқылы көктем және қыс мезгілінде қолданылатын заттарды бөлгізу. Оларды топтастырып жиын жасату. Қай заттан жиын шықпайтынын анықтату. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Тік және көлбеу таяқшаларды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. **Дидактикалық ойын «Не артық»** **Мақсаты:** Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, дәрігерге керекті заттардың суретін қоя алады. Заттық сурет салу. Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың	жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау дағдысын қалыптастыру. **ЖИ қолдану. Жануарлар туралы видеороликтен мағлұмат беру.** **Дидактикалық ойын «Үй жануарын тап»** **Мақсаты:** ғажайып қоржынға қолын салып, сипап сезу арқылы танып айтқызу. Сөздік қорларын, өз ойларын еркін жеткізе білуге машықтандыру.	3.Дене тәрбиесі маман жоспары бойынша **4.Математика негіздері «Заттарды топтастыру».** **Мақсаты**: «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бірбөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Тік және көлбеу таяқшаларды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. **Дидактикалық ойын «Қарама-қарсы заттарды тап»** **Мақсаты:** Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы	**4.Қоршаған әлеммен таныстыру «Байланыс»** **Мақсаты:** Суретті карточкаларды құрастыру. Сол бойынша өз ойларын айтқызу. Адам табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезінебілу дағдысын пысықтау. **Қимылды ойын «Ұқсасын тап»** **Мақсаты:** балаларға түстерді ажырата білуге үйрету, көру, сезу дағдыларын дамыту.	4.**Құрастыру «Ұлттық құндылықтар»** **Мақсаты:** Наурыз айында наурыз мерекесіне арналған түрлі оюлармен безендірілген әшекей заттар мен киімдерді көрсету. Оларды танып атауын атату. Топтарға бөлініп іс әрекеттер жасату. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіруді үйрету. **Д.О.: «Құстарға жемсалғыш құрастырамыз».** **Мақсаты:** Пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар

	қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру.		шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіруге үйрету.	Ұқсас заттарды топтастырып жинап, пішіндері бойынша ыдыстарға салу. **«Кім жоғалтты?» Дидактикалық ойын** **Шарты:** Балалар түсіп қалған сурет бөліктерін орындарына қоюды үйренеді, есту, көру мүшелері дамиды.	құрастыруға дағдыландыру. **Құрастыру**
2-ші таңғы ас	Екінші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау. **еңбек әрекеті (кезекшілік).** Балалардың назарын тағамға аудару, үстелге отырғанда балалардың дұрыс қалпын қадағалау, кеудені тік ұстап отыру. Балаларға тағамның атауын анық айтуды үйрету. **(танымдық іс әрекет).** Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры: Ас болсын! сорпа, пияз, қызылша, қырыққабат. **(қазақ тілі)** **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **(тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру)**				
Серуен	**Картотека №16**	**Картотека №17**	**Картотека №18**	**Картотека №19**	**Картотека №1**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту,				

	орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат)** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **(тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру)**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(музыка)**				
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотериканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
	Картотека № 14	**Картотека № 15**	**Картотека № 16**	**Картотека № 17**	**Картотека № 18**
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-	**Ұлттық ойын«Ақ сүйек»** Мақсаты: Қырағылық пен шапшаңдықты дамыту. Ақ сүйек	**«Гүлдерді күтеміз»** Мақсаты: балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді	**«Жол әліппесі»** балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге	**«Жануарларды орналастыр»** Мақсаты: Балаларды тақтада және қағаз бетінде бағытты таба	**«Жыл атасы»** Балаларды жыл мезгілдері және айларымен таныстыру; 1-ден 3-

баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	лақтырылады, балалар оны іздеп табуға тырысады. Бірінші болып тауып әкелген бала жеңімпаз атанады. **(адалдық әліппесі**	дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. **(экологиялық тәрбие**	арналған жол және белгілермен таныстыру , жолда жүру ережесін меңгер ту дағдысын қалыптастыру. **(қауіпсіздік ережесі**	білуге үйрету. 5 бала кезекпен тақтадағы тапсырманы, ал қалғандары үстелдің үстіндегі парақ қағазда фишкамен орындайды. **(адалдық әліппесі)**	ке дейінгі сандар қатары туралы алған білімдерін бекіту. **(адал азамат)**
Балалармен жеке жұмыс	Әділханды шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндеуге талпындыру.	Аминаға ересектермен қарым-қатынас жасауда өз ойын еркін жеткізе алуға көмектесу.	Диасды қайшы мен желімді дұрыс қолдана алуды баулу.	Шахмарданда әртүрлі пішіндегі заттарды қиюды талпындыру	Раянаға геометриялық пішіндерді ажыратып, атауды үйрету
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **(тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру)**				
Серуен	**Картотека №16**	**Картотека №17**	**Картотека №18**	**Картотека №19**	**Картотека №1**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау. **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту).				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы: ЖШС «Ер-Наз 2013» балабақшасы
Топ: «Жұлдыз» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5-6жас
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 02.03-06.03.2026 ж

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 02.03.2026**	**Сейсенбі 03.03.2026**	**Сәрсенбі 04.03.2026**	**Бейсенбі 05.03.2026**	**Жұма 06.03.2026**
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **(қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру)** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу. **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл,	**Адал азамат «Ізгіліктің бір ізі – алғыс»** тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының және педагогтердің	**Адалдық әліппесі** Балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу үшін, балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды	Жеке ойындар (пазлдар, шашка, бестемше). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы	Кітаптарды қарату, Кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына зейіндерін аудару. **(көркем әдебиет)** Өнер орталығында	**Құқықтық сауаттылық Ойын: «Болады болмайды»** Қарапайым қауіпсіздік пен шекара.

<table>
<tr><td>бейнелеу, дербес және басқалары)</td><td>қатысуымен челлендж.

Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнату.
(танымдық іс әрекет)</td><td>ұйымдастыру, үстел үсті ойындары, логикалық ойындар.
Қазақстан жайлы карталарды. (жануарлар құстар, өсімдіктер жайлы) қарату
(танымдық іс әрекет)</td><td>бойынша таңдауын дамыту.
(танымдық, бейнелеу іс-әрекеті)</td><td>сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту.
(бейнелеу іс-әрекеті)</td><td>Құрал:
 және ●
Мысалдар:
Досыңмен кезекпен ойнау
Досыңды итеру ●
Үлкенге айту
Затты тартып алу ●
Қорытынды:
«Менің денем менікі»</td></tr>
<tr><td>Ертеңгілік жаттығу</td><td colspan="5">«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату
Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.
Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені, таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.
Міндеті: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.
(жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат)</td></tr>
<tr><td></td><td>Картотека№18</td><td>Картотека№19</td><td>Картотека№20</td><td>Картотека№21</td><td>Картотека№22</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою).
Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс.
Әдептілікті сақтау. Балалардың ұқыптылығын бағалау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)
Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры: Ас болсын! дәмді, ащы, тұз, тәтті, қант, ауыздарыңды жауып шайнаңдар, әбден шайнап жеңдер, майлықпен сүртіңдер, төкпей-шашпай ішіңдер.
(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) «Үнемді тұтыну» Адал азамат.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)</td><td colspan="5">Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру
Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері
(қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру).</td></tr>
</table>

Кестеге сәйкес ҰІӘ	**1.Тіл дамыту** **Тақырыбы: «Аналарға арналған алғыс»** **Мақсаты:** Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Аналарға арналған алғыс сөздерді айтуды дамыту. **ЖИ арқылы «Алғыс айту» күніне арналған видеоролик көрсету.** **Д.О: «Қуыршақты бесікке бөлейік»** **Мақсаты:** Сұрақ жауап, көрсету, әңгімелеу. «Бесік жыры» үнтаспасын қою, балаларға түсінік беру. Мейірімділікке, қамқорлыққа баулу. **(тіл дамыту)** 2.Дене тәрбиесі маман жоспары бойынша **3.Қазақ тілі**	**1.Көркем әдебиет** **Тақырыбы: «Қазақ халқының салт-дәстүрлері»** **Мақсаты:** салт дәстүрлермен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін ұлттық бұрышта ойын түрінде ойнатып түсіндіру. **Дидактикалық ойын: «Сөз қос»** **Мақсаты:** сөзге сөз қосып, сөйлем құрастырту арқылы баланың зейінін, шапшаң ойлауын дамыту. 2.Музыка маман жоспары бойынша **3.Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы: «Ұлттық жәдігерлер»** **Мақсаты:** Кешегі күні танысқан ұлттық жәдігерлер мен заттарды танып атау сөздерін	**1.Тіл дамыту** **Тақырыбы: Тақпақ жаттау.** **Мақсаты:** Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдануды үйрету, дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеуді үйрету. Тақпақ жаттату. Көктем Көктем келді бүгін, Күнім төкті нұрын. Сайрап барлық құстар, Ән салуға құштар. Түрлі-түсті әйбат, Гүлдер шықты жайнап. Қызыл-жасыл аймақ, Қырға шықтық ойнап. *Б.Жақып* **2.Қазақ тілі** **Тақырыбы: «Дыбыстар елінде»** **Мақсаты:** қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын,	**1.Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы: «Буын»** **Мақсаты:** Назарын терезеге аудыру. Не көріп тұрғандарын сұрау. Көктемнің белгілерін атап , сол сөздерді буынға бөлгізу. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, буындардың саны мен ретін анықтату. Нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру. **ЖИ қолдану.** Ұяшықтардағы дыбыстарды атап, олардан буын құрап оқу. **«Жаңылтпаштар»** **Мақсаты:** балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айтуға үйрету.	1.Музыка маман жоспары бойынша **2. Көркем әдебиет** **Тақырыбы: «Көрісу»** **Мақсаты:** салт дәстүрлер мен таныстыруды жалғастыру, «Көрісу», «наурызнама» дәстүрлерінің мәнін ұлттық бұрышта ойын түрінде ойнатып түсіндіру. **«Кім епті?»** **Мақсаты:** Қолдың ұсақ қол моторикасын дамыту. Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады. Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғауларының дамуы қол саусақтарының нәзік

	Тақырыбы: «Ұлттық заттар» **Мақсаты:** Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. Ұлттық заттарды көктемнен басқа қай уақытта қолдануға болатынын анықтату. **Дидактикалық ойын: «Шар жарылды»** **Мақсаты:** Дыбыстық жаттығу жасау арқылы «ш» дыбысын анық айтуға жаттықтыру. Ептілікке баулып, қызығушылықтарын арттыру. **4.Математика негіздері** **Тақырыбы: «10 көлеміндегі сандарды салыстыру»** **Мақсаты:** саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен	буынға бөлгізу. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру. Нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру. **Қимылды ойын: «Пойыз»** **Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. **4.Қоршаған әлеммен таныстыру** **Тақырыбы: «Аналар күні»** **Мақсаты:** Мемлекеттік мерекелердің бірі	дұрыс айтқызу. Осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Тіл ұстарту, жаттату. өс-өс-өс Ұстаның құралы төс. Жігіт болып өс. ұс-ұс-ұс Аққу парасатты құс үр-үр Аман-есен жүр **«Дидактикалық ойын: «Кімде не бар?»** **Мақсаты:** Заттардың атын дұрыс атай білуді үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: қолдарында заттары бар жануарлардың суреттері. Ойын шарты: Суретте бейнеленген жануарлардың немесе ойыншықтардың қолында қандай зат бар екенін атайды және сол затты сипаттайды.	шарты: тәрбиеші балаларға жаңылтпаштарды айтады. Балалар оны дұрыс әрі жылдам қайталап айтуы керек**.** **2.Математика негіздері** **Тақырыбы: Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру** **Мақсаты:** тәсілдерін қолдана отырып, киіз үй бөлшектерін салыстыруды үйрету. Нүктелерді, өрнектерді дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. 3.Дене тәрбиесі маман жоспары бойынша **4.Қоршаған әлеммен таныстыру**	қимылдарының дамыту. **3.Сауат ашу негіздері: «Ана, қыз»** **Мақсаты:** ана, қыз бір буынды сөздерден сөйлем құрастыруға (ауызша) үйрету. Қысқа, ұзын сызықтарды жазуға мүмкіндік беру. **«Кім жылдам?» ойыны** **Мақсаты:** есте сақтау қабілеттерін арттыру. Балалар қойылған әуенді мұқият тыңдап, жылдам қайталап айтып беру қажет. **4.Сурет салу** **Тақырыбы: Аналар мен қыздар»** **Мақсаты:** Аналар мен қыздардың баяғы замманнан

	теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктентеңсіздік шығару жолдарын меңгерту. Фребель таяқшаларымен жұмыс жасату. Тік және көлбеу таяқшаларды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.	Халықаралық әйелдер күні маңыздылығын түсіндіру, оларға қатысуда белсенділігін дамыту. Ертеңгілікке арналған тақпақтарын пысықтап қайталату. **Дидактикалық ойын: «Сиқырлы суреттер»** **Мақсаты:** балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.	Мысалы: қояннның қолында сәбіз бар, ол көкөніске жатады. т.б. 3.Дене тәрбиесі маман жоспары бойынша **4.Математика негіздері** **Тақырыбы: Заттарды топтастырғызу.** **Мақсаты:** «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Тік және көлбеу таяқшаларды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. **Дидактикалық ойын «Теңін тап»** **Мақсаты:** Балалар екі бірдей заттарды таба алады. Бір текті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін	**Тақырыбы: Суретті карточкаларды құрастыру.** **Мақсаты:** Сол бойынша өз ойларын айтқызу. Адам табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезінебілу дағдысын пысықтау. **Дидактикалық ойын: «Көктемде не киеміз?»** **Мақсаты:** Көктем мезгіліне байланысты адамдардың киім кию үлгісін көрсете түсіндіру.	әдемі болып жүргенін суреттер арқылы көрсетіп, олардың киімдері заттарының ою өрнектерінің атауымен тынсытыруды жетілдіру. Тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салуды дамыту. .

			бөліп көрсету.	Балалармен жеке жұмыс.	
2-ші таңғы ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру «Асты қадірле» әңгімелесу Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру.. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) «Үнемді тұтыну» Адал азамат.**				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балалардың ретімен киінуін, ауа-райы жағдайына байланысты жылы киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру қалыптастыру. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **(тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру).**				
Серуен	**Картотека №1**	**Картотека №2**	**Картотека №3**	**Картотека №4**	**Картотека №5**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(еңбек іс әрекеті).** Жүйелі түрде шешіну, киімді шкафқа салу, қолды жуу. **Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры:** жолдасына көмектесу, киімдерін ұқыпты жинау.				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) «Үнемді тұтыну» Адал азамат** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.				

	Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **(тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру)**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
	Картотека № 19	**Картотека № 20**	**Картотека № 21**	**Картотека № 1**	**Картотека № 2**
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) «Үнемді тұтыну» Адал азамат**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**«Адал азамат»** **«**Адалдық» Тәрбиеші жағдаят айтады: Сен жерден бір зат таптың. Не істейсің? Балалар жауап береді: иесіне беру, тәрбиешіге айту **Мақсаты:** Адал болудың не екенін	**Құқықтық сауаттылық «Ереже бәріне ортақ»** Топ ережелері еске түсіріледі (тәртіп, кезек күту). Бір бала ережені «бұзады». Балалар айтады: Не дұрыс емес? Не істеу керек? **Мақсаты:** Ереженің	**Қаржылық сауаттылық. «Ақшаны қалай жұмсаймыз?»** Балаларға 3 жетон беріледі. Таңдау ұсынылады: қажет зат қажет емес ойыншық Балалар өз таңдауын түсіндіреді.	**Адалдық әліппесі құқықтық сауаттылық «Адал немесе дұрыс емес?»** Тәрбиеші әрекеттерді айтады: кезексіз өту рұқсат сұрау өтірік айту Балалар:	**Қаржылық құқықтық сауаттылық «Мен – жауапты азаматпын»** Балалар айтады: ақша не үшін керек, ереже не үшін керек, адал болу неге маңызды. Қорытынды шеңбері

	түсіндіріп, адалдыққа баулу.	қоғамда маңызды екенін түсіндіру, әдептілікке тәрбиелеу.	**Мақсаты:** Ақшаны дұрыс жұмсауға үйрету.	адал адал емес деп бөледі. **Мақсаты:** Дұрыс пен бұрысты ажырата білуге үйрету.	жасалады. **Мақсаты:** Өзін қоғам мүшесі ретінде сезінуге, адалдыққа баулу.
Балалармен жеке жұмыс	Аяланы ұлттық қимылды ойындар, жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға белсенділікпен қатысуды дамыту.	Асылымды берілген буынға сөз құрастыруды үйрету.	Нұржігіттің заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруын жетілдіру.	Ибраһимге ұжыммен бірге жұмыс істеуді үйрету.	Әбілмансұрға Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының маңыздылығын түсіндіру.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету. **(тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру)**				
Серуен	**Картотека №1**	**Картотека №2**	**Картотека №3**	**Картотека №4**	**Картотека №5**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(еңбек іс әрекеті).** Жүйелі түрде шешіну, киімді шкафқа салу, қолды жуу. **Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры:** жолдасына көмектесу, киімдерін ұқыпты жинау.				
Балалардың үйге қайтуы	Үйде ертегі кітаптарының суретіне қарап, ертегі айтып беруін өтіну, ұсыну. Өз бетінше кітап жазса оның аты қандай болады, әңгімелесу. Апта бойы жаңа жылда алған әсерлерімен бөлісу, жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру.				

	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту)

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы: ЖШС «Ер-Наз 2013» балабақшасы
Топ: «Жұлдыз» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5-6жас
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету: 10.03-13.03.2026 ж

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі 10.03.2026**	**Сәрсенбі 11.03.2026**	**Бейсенбі 12.03.2026**	**Жұма 13.03.2026**
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Музыка әуенімен балаларды қабылдау, амандасуға үйрету, жақсы көңіл күй орнату **(музыка)** **(қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру).**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Бала өз ой-пікірін еркін айтуы үшін сабырмен тыңдаңыз. Уақытында ұйықтау мен ояну әдетін сақтаңыз. Киім мен ойыншықтарына ұқыптылық үйретіңіз. Кешке бір күндік жетістікке бірге қуаныңыз. Теледидар орнына бірге ертегі тыңдау ұсынылады.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)		**Адалдық әліппесі** Таразыға сал **Шарты:** Тәрбиеші екі таразы суретін көрсетеді: “әдептілік” және “әдепсіздік”. Балаларға әрекеттер айтылады (көмектесу, алдау, бөлісу, әдейі бұлдіру,	**Адал азамат** Менің мінез ережем **Шарты:** Балаларға түрлі жағдаят карточкалары беріледі: “Досымен келісе алмады”, “Қатарын	**Құқықтық сауаттылық** **Шарты:** Тәрбиеші екі сурет көрсетеді: Балалар кезекпен ойнап тұрБір бала кезектен шығарып кетіп жатыр Балалар: “Қайсысы	**Қаржылық сауаттылық** Ақшаны жарату жоспары **Шарты:** Балаларға ойын ақшасы және үш қағаз қорапша беріледі: “Қажет”,

		сыпайы сөйлесу). Балалар оны қай таразыға салу керегін айтады. Соңында дұрыс пен бұрыстың айырмашылығын түсіндіреді.	итеріп өтті", "Сабақта тыныш отырды", "Тазалық сақтады". Балалар әр карточка үшін өз ережесін құрастырады: "Мен… жасаймын", "Мен… жасамаймын". Мысалы: "Мен өз орнымды сақтаймын", "Мен итермеймін".	заңға сәйкес?" деп таңдап, себебін түсіндіреді. Ойын басқа жағдайлармен жалғасады: затқа таласу, кітапты бүлдіру, рұқсат сұрап алу.	"Үнемдеймін", "Қалау". Тәрбиеші заттардың суреттерін көрсетеді: дәптер, нан, ойыншық, шоколад, киім. Балалар әр затты сәйкес қорапқа салады. Неге олай таңдағанын түсіндіреді.
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату. Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені. Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. **Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **(жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат)**				
		Картотека № 1	**Картотека № 2**	**Картотека № 3**	**Картотека № 4**
Таңғы ас	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою). Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс. Әдептілікті сақтау. Балалардың ұқыптылығын бағалау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) **Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры:** Ас болсын! дәмді, ащы, тұз, тәтті, қант, ауыздарыңды жауып шайнаңдар, әбден шайнап жеңдер, майлықпен сүртіңдер, төкпей-шашпай ішіңдер. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат).**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері. **(қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру)**				

Кестеге сәйкес ҰІӘ		**1.Көркем әдебиет** **Тақырыбы: Айтыс өнерін таныстыру.** **Мақсаты:** Айтысты тыңдап, не туралы екенін түсінгенін айту. Айтыс өнерімен таныстыра отырып мағынасын түсіндіру,қазақ халқының өнерімен таныстыру. **Дидактикалық ойын «Сәйкес суретті тап»** **Мақсаты:** Балалар алдарында қыс мезгіліне берілген суреттерге байланысты сәйкес суреттерді тауып, орналастырады. Зейіндері артып, түсініктері кеңейеді. 2.Музыка маман жоспары бойынша **3.Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы: Әр түрлі заттарды, карточкаларды қолданып үйлестіріп сөйлем құрату.**	**1.Тіл дамыту** **Тақырыбы: «Асар», «Сүйінші сұрау»** **Мақсаты:** Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін өздері айтып түсіндіруін жетілдіру. **2.Қазақ тілі** **Тақырыбы: «Дыбыстар елінде»** **Мақсаты:** қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, дұрыс айтқызу. Осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Тіл ұстарту, жаттату. өс-өс-өс Ұстаның құралы төс. Жігіт болып өс. ұс-ұс-ұс Аққу парасатты құс үр-үр Аман-есен жүр	**1.Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы: Сөйлем сөздерден тұратынын түсіндіру.** **Мақсаты:** Әр түрлі заттарды, карточкаларды қолданып үйлестіріп сөйлем құрату. Әртүрлі бағыттағы тігінен,көлденең ирек сызықтарды жазуға мүмкіндік беру. **«Қай дыбыстан басталады?» дидактикалық ойыны.** **Мақсаты:** Айна алдында артикуляциялық жаттығулар жасауға үйрету. Сурет бойынша сөздің алғашқы дыбысын атауды меңгерту. **2.Математика негіздері**	1 Музыка маман жоспары бойынша **2. Көркем әдебиет** **Тақырыбы: Жұмбақ** **Мақсаты:** Жұмбақ шешу арқылы логикасын дкмыту. Жұмбақ Өзі ащы,Бірақ, Дәмді етер асты. (Тұз) жұмбақ шешу,айтыс өнеріне баулу. Аспан түстес сұйық, Әркім ішер құйып. (Су) Күрең қызыл түсі бар,Тағамдардың асылы, Қуат берер күші бар. (Таба нан) **«Достық көмек» ойыны** **Мақсаты:** Ойын балалар достық көмек жасаудың мәнін

